

Менде Қазақтың елдігін,
Қазақстан
Республикасының
мемлекеттік тәуелсіздігін
нығайтудан басқа
мақсат та, арман да жоқ!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...

4

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!

5

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«QAZVAC» ПЕН
«СПУТНИК V»
барлық штамнан
қорғайды

7

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ
ОТЫЗ СӘТІ

12-13



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы ауыл әкімдерін сайлау мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Алқалы жиынға облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің басшылық құрамы қатысты.

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ БАСШЫСЫ ТІКЕЛЕЙ САЙЛАНАДЫ

Алдағы сайлау науқанының маңызды екенін атап өткен Президент бұл оқиғаны еліміздің тарихындағы айтулы белес, біз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет деп бағалады. Азаматтарымыз тұңғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болмақ. Біз бұған біртіндеп, жоспарлы түрде келдік.

Еске сала кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастаманы былтырғы Жолдауында көтерген еді. Бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде бұл жұмыс жүзеге асырыла бастады.

Президент Қазақстан халқының 40 пайыздан астамы ауылда тұратынына тоқталып, бұл саяси шара, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалып жатқанын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте).



ЖОЛАЙРЫҚТАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Қала дамуында сапалы инфрақұрылымның маңызы зор



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында мегаполистегі үш жолайрықтың құрылыс қарқынын, метрополитеннің инфрақұрылымын және Абай даңғылын қала шекарасына дейін тесу-үңгілеу жұмыстарын тексерді.

Мегаполис әкімі Алматының «шығыс қақпасы» және Бұқтырма көшесі мен Құлжа

трактісінің қиылысындағы жолайрықта болды. Құлжа тракті арқылы өтетін эстакаданың ұзындығы – 784 м., Бұқтырма көшесі бойындағы туннельдің ұзындығы – 570 м. Жыл соңына дейін жекелеген бағыттар бойынша көлік қозғалысын ашу жоспарлануда. Нысанды толық пайдалануға беру келесі жылға жоспарланған. Бұл Бұқтырма көшесіндегі көлік ағынын – 30%-ға, Құлжа трактісінің өткізу қабілетін 15%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

(Жалғасы 3-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев субұрқақта адамдарды құтқарған студентті Құрмет грамотасымен марапаттады.
- Шаһар басшысы Б.Сағынтаев бірнеше жолайрық пен метро станциясының құрылысын тексерді.
- Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров онлайн форматта мегаполистегі жеке емханалардың басшыларымен кездесу өткізді.
- Мегаполисте бір тәулікте 6 мыңға жуық адам екпе алды.
- Полицейлер күніне орай қалада үздік полицейлер марапатталды.
- Халықаралық әуежай мен теміржол вокзалдарында бақылау күшейтіледі.



МЕГАПОЛИСТІ ОДАН ӘРІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың кездесуінде сөз болды



Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевпен жеке кездесу өткізді. Қала әкімі Президентке ағымдағы жылдың басынан бергі негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер туралы есеп беріп, мегаполисті

одан әрі дамыту перспективалары туралы айтты. Бұл туралы Ақорда баспасөзі хабарлады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына жергілікті аумақтардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы мәлі-

мет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық маңызы бар қалалар мен облыс басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар берді. Соның ішінде әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының өсуіне жол бермеуді қадағалау тапсырылды.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы қаласы
Статистика
департаментінің
базасында

703
санақ қызметкері
оқытылды.



Мегаполисте
23 маусымдағы жағдай
бойынша

390430
адам екпе алды.



Шаһарда «Jasyl Almaty»
бағдарламасы аясында
биыл күзде

15 мыңға
жуық ағаш отырғызу
жоспарлануда.



Алматылық
полицейлер

100 пайыз
екпе алды.



Биыл Алматыда

8
мектептің құрылысы
аяқталып, оқушы
орындарының тапшылығы
73%-ға қысқармақ.

ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды



(Басы 1-бетте)

– Алдағы сайлау біз жүзеге асырып жатқан саяси реформаларға тын серпін береді деп сенемін. Сондай-ақ, тұрғындарды ел басқару және шешім қабылдау үдерісіне тартуға жол ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партиялық бәсекені күшейту мәселесіне назар аударды. Партиядан үміткер ұсыну мемлекеттің институционалдық тұтастығын бекемдей түседі және саяси үдерістің барынша ашық болуына септігін тигізеді.

ӘКІМДЕР – БИЛІКТІҢ ӘРБЫР ЕЛДІМЕКЕНДЕГІ ТІКЕЛЕЙ ӨКІЛІ

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті атқарушы биліктің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс екеніне ерекше маңыз берді.

– Әкімдер – биліктің әрбір елдімекендегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында Президент еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың әлі де күрделі екенін қадап айтып, өңір басшыларына бірқатар міндет жүктеді. Оның айтуынша, Қазақстанның жасыл аймақта тұрғанына қарамастан, босаңсуға әлі ерте. Ол санитарлық-эпидемиологиялық шектеулердің жиі бұзылып жатқанын және халықты вакциналау қарқынының бәсеңсіп қалғанын айтты.

– Әкімдер азаматтарға екпе салу науқанынан шеттеп қалған сияқты. Әлеуметтік нысандардың, бизнес кәсіпорындардың және жалпы елдің экономикасы вакциналаудың сәтті жүргізілуіне тікелей байланысты екенін түсіну керек. Қазір жаппай вакциналау науқаны әкімдер жұмысының ең маңызды міндеттерінің қатарында болуы қажет. Сіздер барынша белсенділік танытып, азаматтарды вакциналау науқанына өздеріңіз жетекшілік етулеріңіз керек, – деді Президент.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА САНАЛЫ ТҮРДЕ БАРҒАН ШЕНЕУНІК ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУЫ ТИІС

Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстарын күшейтуге шақырды. Президенттің айтуынша, былтыр әртүрлі деңгейдегі 7 әкім мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ, 14 облыстық басқарма басшысы мен олардың орынбасарлары қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұдан бөлек, 2020 жылдың қаңтарынан 2021 жылдың наурызына дейінгі аралықта қарамағындағы қызметкерлерінің жемқорлыққа қатысы болғаны үшін 20 саяси қызметкерге қатысты шара қолданылды.

Мемлекет басшысы әкімдерге өз аймақтарындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырды. Ал жемқорлыққа қарсы күрес қызметі өздеріне жүктелген міндетке сергек қарағаны жөн.

– Бұған дейін айтқанымдай, егер мемлекеттік қызметші бюджет қаржысын жымқыруды немесе пара алып баюды көздемей, шешім қабылдау кезінде қателікке жол берген болса, онда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылмауы керек. Әйтпесе, мемлекеттік аппараттың берекесін кетіреміз. Сыбайлас жемқорлыққа саналы түрде барған шенеунік қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МІНДЕТ – ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Президент өткен жылы маусымы барысында болған оқыс оқиғалар, өрт және технологиялық апаттар мәселесіне баса мән беріп, төтенше жағдайлардың салдарын жедел жою жұмыстарын қамтамасыз ету жөнінде түбегейлі шаралар қабылдаудың қажеттігіне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар, қоғамдық мүлікті бүлдіру, бұзақылық және вандализм сияқты оқиғалардың жиілеп кеткеніне тоқталды.

– Жуырда елордада мас адам лифтідегі мониторды сындырғаны үшін оған 14 мың теңге ғана айыппұл салынған. Бұлай болмайды. Мұндай іс-әрекет үшін кемінде 15 тәулікке қамау керек немесе 1 жылға түзету жұмыстарына салу жөнінде жаза кесу қажет. Мұндай жағдайларға мүлдем төзбеу керек. Жеңіл жаза жарамайды. Ал іс жүзінде жазаламау салдары құқықбұзушылық пен қылмыстың одан әрі өршуіне алып келеді. Сондықтан осы мәселе бойынша заңнаманы қатандату керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы биыл дәстүрлі форматта өтетін жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын қазірден бастап қолға алу қажет екенін айтты. Оның айтуынша, көптеген білім ордалары бір жылдан астам уақыт толыққанды жұмыс істемеді. Бұл ретте Президент университеттердің, мектептер мен балабақшалардың инфрақұрылымдарының дайындығын, сонымен қатар оқытушылар мен тәрбиешілер штатының жасақталу деңгейін тексеруді тапсырды.

Алқалы жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердегі ахуал үшін әкімдердің өздері жауап беретінін еске салып, қоғамдық-саяси тұрақтылықты және орнықты дамуды қамтамасыз ету олардың тікелей міндеті екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОЛАЙРЫҚТАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Қала дамуында сапалы инфрақұрылымның маңызы зор



(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, қала әкімі Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы туннель түріндегі жолайрықтың жұмыс барысымен танысты. Жоба бойынша Сейфуллин даңғылы бойымен көліктің кедергісіз қозғалысы үшін жалпы ұзындығы 690 метр болатын екі туннель салу көлік құралдарының көшеде жүруі үшін қарастырылған. Жансүгіров көшесіндегі, сондай-ақ өзге көлік қозғалыстары жер деңгейінде өтеді. Төрт жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерін, тротуарларды салу, аумақты абаттандыру және көгалдандыру қарастырылған. Жобаны 2022 жылы аяқтау жоспарланған.

Қала әкімі Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесі қиылысындағы жолайрық құрылысының қарқынын тексерді. Эстакаданың ұзындығы – 186 м., Рысқұлов даңғылында – 8,

Емцов көшесінің бойында 4 жолақ қарастырылған.

Бұдан басқа, Б.Сағынтаев әрлеу жұмыстары жүріп жатқан Сарыарқа және Достық бекеттеріндегі метрополитеннің бірінші желісінің екінші кезеңінің құрылыс барысымен танысты. Екі бекетті техникалық іске қосу жыл соңына жоспарланған.

Сондай-ақ, Алматы әкіміне «Қалқаман» бекетіндегі метрополитеннің бірінші желісінің барысы туралы баяндалды. Жобада «Достық» бекетінен «Қалқаман» бекетіне дейін ұзындығы 2,48 шақырым болатын Әшімов көшесінен төмен салынатын кума туннельдің құрылысы қарастырылған.

Жұмыс сапары кезінде қала әкімі Абай даңғылын «Қалқаман» ықшамауданындағы Момышұлы көшесінен Әуезов көшесіне дейін үңгілеу жұмысының барысын тексерді. Оның жалпы ұзындығы 4,8 шақырым.

«Шұғыла» ықшамауданындағы Яссауи көшесінен Береке көшесіне дейінгі учаскенің ұзындығы 3 шақырым, мұндағы жұмыстар аяқталып қалды. Жоба бойынша 6 жолақты жол, тротуарлар, веложолдар салу қарастырылған. Құрылыс аймағында орналасқан учаскелер уақытылы сатып алына, онда жұмысты биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Осының арқасында Абай даңғылы Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін ұзарады.

Қала әкімі жолайрықтар мен көшелерді үңгілеудің барлық нысандары бойынша жұмыс күші мен техниканы кеңінен жұмылдыруды, жұмыстың сапасы мен уақытылы атқарылуын бақылауды тапсырды. Бұдан өзге, тиісті ведомстволардың басшылары жобаларды іске асыру кезінде туындайтын мәселелерді жедел шешуі қажет.

Шешімін табуға таяу



Абай даңғылы, Саин және Алатау көшесі жолайрықтарының құрылысы жалғасуда. Бұқтырма көшесі – Құлжа тракті, Рысқұлов даңғылы – Емцов көшесі, Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров; Саин – Мөңке би көшесінің қиылысында, Әуезов көшесінің Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі бөлігінде жолайрық құрылысын бастау жоспарлануда.

Станция саны артады



49 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жоспарланып, 41 көшеде жұмыс жүргізілуде. Биыл ұзындығы 227,5 шақырым болатын 225 көшені де жөндеу жоспарланған. Жыл соңына дейін екі метро станциясы («Сарыарқа» және «Достық») бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтап, техникалық іске қосуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Су тапшылығы болмайды



Жыл басынан бері мегаполисте 40,5 шақырым жерге су жүргізу және 12,5 шақырым кәріз желілерін тарту жұмыстары жүргізілді. 75 мыңнан астам тұрғыны бар 17 ықшамауданда байланыс желісінің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 170 шақырым сумен жабдықтау және 140 шақырым кәріз желілерін салу жоспарлануда. Қарғалы өзенінде су қондырғысы салынуда. Ақсай өзенінде осыған ұқсас нысанды жобалау аяқталуға жақын. Бұл 130 мыңнан астам тұрғынды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



«Жаңа Алматы» абаттанып келеді

Жыл сайын шамамен 200 млрд. теңге бөле отырып, «Жаңа Алматыны» дамытудың 2020–2024 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бүгінде жоспар аясында қала шетіндегі көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша 286 жоба іске асырылуда.

Жарық қала – қауіпсіз қала



Биыл 601 көшені толық жарықтандыру жоспарланған. Жыл басынан бері соның 508-інде жұмыс аяқталды. Нәтижесінде қаланың барлық көшелері жарықтанады.



#Qazaqstan30

Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...



Данияр АЛДАБЕРГЕН, Абай атындағы ҚазҰПУ география ғылымының PhD докторы:

– Мен Тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келгенім, ұлтымның

қазақ болғанына мақтанамын. Себебі, бізді бүкіл әлем мойындайды. Еркіндігіміздің арқасында шет елде оқыдым, үлкен тәжірибелер жинадым. Оқып жүрген

кезімде барлық Еуропа халықтары елімді, ұлтымды құрметтеп, салт-дәстүрлерімізбен таныс болуға асығатын, тіліміздің тазалығына таңданатын. Жалынды жастардың бірі ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың докторантурасында оқып жатырмын. Мұғалім болып, №98 ЖББ мектепте жұмыс істеп, өз білімімді оқушылармен бөлісудемін.

Жақында модератор атандым. Әлемнің 9 елінде болып, ғылыми жетістіктерін саралап-сабақтадым. Бұл мүмкіндіктердің бәрін маған Тәуелсіздік берді.



Айгүл МЕДЕУЛОВА, Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың кафедра меңгерушісі, отоларинголог-ларігер:

– Тәуелсіздіктің алғашқы

жылдарынан бастап қазақ елінің ұл-қыздары елмен бірге өсіп-өркендей бастады. Білім жолындағы жастарымыз халықаралық жетістіктерге жетіп, ғылымымызды дамытып жатқан

жайы бар. Өз басым, жас кезімнен бастап университет қабырғасында жүріп түрлі жобамен айналыстым. Ол кездерде медицина жайында жазылған қазақ тілді оқулықтарымыз аз болатын. Ал ауылдан келген біздер орыс тіліндегі мәліметтерді жете түсіне алмай қиналатын едік. Менің ойымша, қазіргі қазақ жастарының арманы жоқ. Өзі қалған тілде білім алады, қажетті ақпараттардың барлығын еш қиналмастан білім жолына жұмсап, жүлделі орындардан көріне алады. Мұның бәрі Тәуелсіздіктің бізге берген сыйы.



Ізет ЖАСҰЛАНҰЛЫ, Қазақ ұлттық аграрлық университеті ғылыми-биология PhD докторанты, техникалық физика

ғылымының PhD докторы:

– Тәуелсіздік – мен үшін елімнің, жерімнің еркіндігі. Қазіргі таңда азаттықты аңсайтын, өз алдына жеке ел болуды армандайтын халықтар жетерлік.

Сондықтан біз қазақ жастары, ата-бабаларымыздың ұлан-ғайыр жерімізді сақтап қалған ерен еңбегін аяққа таптамауымыз қажет. Өз басым Тәуелсіздігіміздің арқасында шет мемлекеттерге барып білім алмасқан сәтте кемсітулер, мұқатулар болмады. Керісінше, әлем елдері қазақ елінің кеңпейілділігіне, жомарттығына, біздің біліміміз бен жеткен жетістіктерімізге таңдай қағатын. Осы ретте Тәуелсіз Қазақстанда дүние есігін ашып, уайымсыз, қайғысыз өмір сүрген бақытты ұрпақ болғанымға қуанамын.

Сұхбаттасқан Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Жеңімпаздар марапатталды



Айым НҰРМАН

Ержан Бабақұмаров «100 жаңа есім» мәртебесін алған алматылық 9 қатысушыға алғысын білдіріп, жобаның әрбір жеңімпазының тәжірибесі мен тарихы жастар үшін үлгі екенін айтты.

Кеше Алматы қаласынан қатысқан «100 жаңа есім» жобасының 4-кезеңі жеңімпаздарымен кездесу өтті. Жоба жеңімпаздарына «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысқандары үшін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров Алғыс хаттар табыстады және аталған жоба ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келгенін атап өтті. 2017 жылдан бастап «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында елімізде бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және білімнің салтанат құруы идеяларын әртүрлі мамандық иелерінің мысалдарында насихаттау мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жүзеге асырылып келеді.

Жобаға соңғы 3 жыл ішінде 7 мыңнан астам адам қатысты. Бұған дейін жеңімпаз атанған 163 қатысушының 46-сы алматылықтар. Ал бұл жолы байқаудың 4-ші

кезеңінде барлық жеті бағыт бойынша үш мыңға жуық қазақстандық өтінім берген. Жобада жеңіске өздерінің дарыны, еңбекқорлығы арқылы танылған, еліміздің бәсекеге қабілетті және табысты бейнесін қалыптастыруға өз үлестерін қосқан жеңімпаздардың ішінде 9 алматылық бар.

Олардың қатарында ғылым және инновация саласындағы жеңімпаз, ҚазҰАУИ Халықаралық вакциналау орталығының директоры, профессор Қайсар Табынов бар. Ол өз әріптестерімен бірге соңғы 15 жыл ішінде қауіпті инфекцияларға қарсы 10-ға жуық вакцина жасап шығарды. Оның ерекше тәжірибелік әдістері қазірдің өзінде қолданылууда.

– «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы атану – мен үшін мәртебе. Вакциналогия саласын зерттеп жүргеніме 17 жыл болды. Бұл уақыт аралығында шығарған вакциналардың 60%-ы өндіріске еніп, халыққа пайдасы тиіп жатыр. Бұл жоба мен үшін үлкен бастама болып, жаңа мақсаттарға жол ашты. Менің басты мақсатым – тек COVID-19-ға қарсы ғана емес, жалпы, вирустық ауруларға арналған вакциналау платформасын дайындау, – деді жеңімпаз.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОРЫНДАЛДЫ

Аула абаттанып келеді

Қала басшылығы көгалдандыру мәселесіне назар аударған. Б.Сағынтаев бұл туралы «Тал өгу – бір ғана жұмыс, ал оны күтіп-баптау, суару, өсіру үлкен еңбекті талап етеді. Ол тек бір адамның қолынан келетін жұмыс емес. Оған бәріміз атсалысуымыз қажет» деген болатын.

Алматыны қайта жасыл желекке айналдыру – маңызды мәселе. Қала әкімінің «Жасыл Алматы» жобасына мұрындық болуы да бекер емес. Бағдарлама бойынша үш жыл ішінде 1 миллион ағаш отырғызу көзделген. Сол бойынша қазір әр ауданда көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. Мысалы, Өуезов ауданының тұрғындары өз беттерінше аулаларын көріктендіруді бастап кеткен. «10 А» ықшамауданындағы №12 үйдің тұрғындарының айтуынша, алғашында өз қалталарынан тал егіп, гүл отырғызып бастаған.

Қазіргі таңда Өуезов ауданында көше бойындағы жасыл желектерді суару жұмыстары күшейтілді. Ол үшін автоматты суару, қолмен, арық және суармалы сумен жабдықтау секілді бірнеше әдістер қолданылады. Ауданда 9 суару машинасы, 3 трактор және 2 монопомпа жұмыс істейді. Көше бойындағы жасыл желектерді аталмыш техника күшімен мамандар таңертең және кешке екі рет суарады.



Жол құрылысы қатаң бақылауда



Akimat LIVE бағдарламасына көбіне «Шаңырақ» ықшамауданының тұрғындары хабарласып, үнемі жол мәселесін көтеріп жатады. Қосылған аймақтар мен басқа да ықшамаудандардың тұрғындары бірнеше рет жол салып беруді сұраған еді. Қала басшысы «Өжет» пен «Шаңырақ-5» ықшамауданындағы жол құрылысы жұмысын өзі барып, тексеріп қайтты.

Көктемде болған кездесуде уәде берілгендей, күн жылысымен асфальт төселе бастады. Қазіргі

уақытта «Өжеттегі» 15 көшеде жол-құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұнда алғаш рет 87 көшеге 11,3 шақырым жол салынады. «Шаңырақ-5» ықшамауданында бұл жұмыс 18 көшеде жүріп жатыр. Мұнда 29 көшеде 6,6 шақырым жаңа жол пайда болады. Мердігерлер асфальт төсеу жұмыстарын жаздың соңына дейін аяқтауға тиіс. Оған дейін тұрақты түрде құрылыс жұмыстарының сапасы мен жобаға сәйкес орындалу мерзімі қадағалануда. Ол туралы Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков:

«Бүгінгі таңда ауданымыздың жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында бірқатар шағын аудандарда жол құрылысы қарқынды жүруде. Тұрақты түрде құрылыс жұмыстарының сапасы мен жобаға сәйкес орындалу мерзімін қадағалап отырмыз. Осы бағытта құрылыс жұмыстарының барысына және жұмыс кестесіне сәйкес орындалуына мониторинг жұмыстары жүргізіліп жатыр», – деді.

Бұл ауданда тұрғындардың өтініші бойынша көшеге жарық қою мәселесі шешілуде. Жалпы, сәуір айынан бергі жөндеу жұмыстарының нәтижесінде 2936 ақаулар жойылып, 459 көшедегі ой-шұңқырлар, шөгүлер қалпына келтірілді. Оның ішіне 96 магистральды, 363 аудандық маңызы бар жолдар кіреді. Жөндеген жолдардың жалпы алаңы 56 729 шаршы метрді құрайды. Жұмыс барысында 656 люк пен тор көтеріліп, 1370 метр жол жиек тастары қалпына келтірілді. Күн сайынғы жөндеу жұмыстарына 400-ден астам жұмысшы мен 155 арнайы техника бірлігі жұмылдырылған.

«Шыңға өрлеу» клубы ашылды

Бостандық ауданында аз қамтылған отбасы балаларына арналған «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы ашылды.

Аталған клуб жұмысын алғашқыда онлайн-режимде 2020 жылы қаланың 5 ауданында (Өуезов, Алатау, Жетісу, Медеу және Наурызбай) бастаған. Орталық жұмысы онды болып, офлайн-режимінде Алатау, Алмалы, Өуезов, Жетісу мен Наурызбай аудандарында жалғасын тапты. 2021 жылы Түрксіб, Медеу және Бостандық аудандарында клуб бөлімшелерін ашу жоспарланған болатын. Сәуір айында Бостандық ауданынан да ашылып, бүгінде қала бойынша 10 орталық халыққа қызмет көрсетуде.

Орталық аз қамтылған және көпбалалы отбасыларда тәрбиеленетін және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған. Балалардың клубтағы уақытында мектеп пәндері (математика, қазақ, орыс, ағылшын тілдері, IT-технология) бойынша үй тапсырмасын дайындауда кәсіби көмек қана алып қоймай, сонымен қатар сауықтыру дене шынықтыру, сәндік-қолданбалы өнер, шахмат, хореография, музыка, домбыра, сахналық шеберлік және т.б. сияқты спорт секциялары



мен шығармашылық үйірмелердегі сабақтар да қарастырылған. Бостандық ауданындағы «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы Абай даңғылы, 150/230 мекенжайында «Гайдар тас» ТК-де орналасқан.

Жалпы, аталмыш әлеуметтік жобаға барлығы 2010 бала оқумен қамтылады деп күтілуде. 2021 жылы «Шыңға өрлеу» қоғамдық қорының бюджеті 369 001,0 мың теңгені құрады.

«Саялының» 30 ауласы жаңарады



«Саялы» ықшамауданынан хабарласқан тұрғын аулаларда балалар алаңын салып беруді немесе тұрғындарға өз бетінше әткеншектер орнатуға рұқсат етуді сұраған болатын. Әйтпесе, ойын алаңы үйден алыс, ыңғайсыз жерде орналасқанын,

ал балаларды алаңға жалғыз жіберуден қорқатынын айтқан еді.

Өткен жылы Алатау ауданы әкімдігінің күрделі жөндеу және мемлекеттік сараптама қорытындысымен ЖСҚ дайындау бойынша дайындық жұмысы жүргізілді. Қорытынды негізінде Алматы қаласының Стратегия және бюджет басқармасы тарапынан ақшалай қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта Алматы қаласының мемлекеттік активтер басқармасы мердігер ұйымды анықтау үшін мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізіліп жатыр. Мердігер ұйым анықталғаннан кейін ағымдағы жылы 53 аула, оның ішінде «Саялы» ықшамауданының 30 ауласы күрделі жөндеуден өтеді.

Тағы бір айта кететін жайт, қалаға қосылған аумақтарды дамыту мақсатында «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында Наурызбай мен Алатау аудандарына қосымша 500 млн. теңгеден бөлу қарастырылды. Осылайша аталған екі ауданды дамыту үшін бөлінген қаражат 1,3 млрд. теңгені құрады.

Әзірлеген А.РЫСКЕЛДІҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Кайрат КОНЫСБАЙ.

Ержан БАБАҚҰМАРОВ:

АЛМАТЫЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР – табандылықтың, ерліктің, батырлықтың үлгісі



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Оңтүстік астанада үздік полицейлер марапатталды. Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов, ардагерлер және Полиция департаментінің жеке құрамы қатысты. Ержан Бабақұмаровтың айтуынша, мегаполисте алты мыңнан астам полицей қызмет етеді. Президент Жарлығымен 36 алматылық полицейге полиция генерал-майоры шені берілді.

«Алматы полициясы құқық қорғау органдарының ерлігіне үлгі бола алады. Сондықтан алматылықтар өздерін толықтай қауіпсіз сезінеді. Пандемияның ең қиын жағдайында да, бүкіл әлемде қылмыс артқан шақта алматылық полицейлердің тәртіпті қамтамасыз еткендері соншалық, тіпті, қылмыс екі есеге азайды. Мұндай көрсеткіштермен әлемнің кез келген қаласы мен құқық қорғау жүйесі мақтана алады. Өз өмірлеріңіз бен денсаулықтарыңызды тәуекелге қоя отырып, тәулік бойы шаһардың тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз еткендеріңіз үшін үлкен алғыс айтқым келеді».

Сіздерге жаңа маңызды жетістіктер, қызметтеріңізде сәттілік тілеймін», – деді Ержан Бабақұмаров.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Жұртқа жақын полиция» қағидасын жүзеге асыруды атап өтті. Осыған байланысты Алматы қаласы ПД қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті қорғауда жаңа формаларды қолдануда. Алматы қалалық полиция департаменті – қала әкімдігінің қолдауымен елдегі ең үздік материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілген Ішкі істер министрлігінің ірі құрылымдық бөлімшесі. Сонымен қатар, осы жылы жас полиция қызметкерлеріне «Алматы жастары» қалалық тұрғын үй бағдарламасына қатысуға мүмкіндік берілді. Қазірдің өзінде 14 әріптесіміз пәтер алды», – деді Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов.

Бүгінде Алматы полициясына жаңа ведомстволық емхана мен спорт кешені салынуда. Спикердің айтуынша, Алматы қаласының қызметтері мен полиция бөлімшелерінің 166 қызметкері өздерінің кәсіби мерекелерінде марапатталды.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!

Мегаполисте 700-ден аса санақ қызметкері оқытылды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов Алматы қаласының 2021 жылдың Ұлттық санаққа дайындық жұмыстарымен танысты.

2021 жылдың Ұлттық санағының негізгі кезеңі 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізіледі. Дегенмен, тұрғын жай ретінде қолданылатын тұрғын үйлер мен тұрғын емес орынжайлардың тізімін алдын ала нақтылап алу қажет. Дайындық кезеңі 1–30 маусым аралығында жүргізіледі.

Қазіргі таңда қалада 48 нұсқаушылық және 618 тіркеу учаскелері құрылған. 4 мамырдан бастап 37 нұсқаушымен ұлттық санаққа дайындық жүргізу және өткізу бойынша еңбек шарттары жасалған. Сондай-ақ, нұсқаушы-бақылаушылармен, сұхбаттасушылармен ақылы қызмет көрсету келісім шарттары жасалған. Санақты сапалы өткізу мақсатында барлық санақ қызметкері – 703 адам Алматы қаласының статистика департаментінің базасында оқытылды.

Қазіргі уақытта санақ қызметкерлері толықтай оқытылып, орынжайлармен, компьютерлермен, жиһаздармен қамтамасыз етілді. Компьютерлері Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылды. Әрбір қызметкер жеке қорғаныс құралдарымен қамтылған. Қалалық автокөлікте тегін жүру мәселесі шешілді. Әрбір нұсқаушылық және тіркеу учаскесіне учаскелік полиция инспекторы бекітілген.

Нұрболат СЕРҒАЛИҰЛЫ,
Ұлттық статистика бюросының басшысы:

– Еліміз тәуелсіздігін алғалы биыл үшінші рет халық санағы өтеді. Бізді үлкен жұмыс күтіп тұр. Тек Алматының өзінде біздің сұхбаттасушыларымыз санаққа дейін 600 мыңнан астам тұрғын және тұрғын емес орын жайларды аралап шығуы керек. Бұл өте маңызды кезең. Сұхбаттасушыларға берілетін жүктеменің дұрыс бөлінуі мен тұрғын санының негізгі санақ кезеңінде толық есепке алынуы осы жұмыстарға байланысты болмақ. Қалада санақ қызметкерлерін қабылдау кезінде ол туралы Департаменттің сайтына және әлеуметтік желіге, тұрғындарды жұмыспен қамту орталығының, «Еңбек электронды биржасы» АЖ-нің әлеуметтік желілеріне хабарландырулар берілді. ЖОО-на, жастар ұйымдарына хаттар жіберілді. Сондай-ақ, жұмысқа орналастыру жөніндегі жеке сайттарға хабарландырулар шығарылды. Биылғы халық санағының басты ерекшелігі – 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында онлайн-санақ өтуге мүмкіндік болады. Ең алдымен, арнайы sanaq.gov.kz сайтында жүргізіледі. Екіншіден, egov.kz электронды үкімет порталы арқылы санаққа қатысуға болады. Үшіншіден, біз санақ жүргізуге ыңғайлы арнайы бағдарлама дайындалуда. Тамыз айына дейін бағдарлама дайын болса халық санағын сол бағдарлама арқылы жүргізуге мүмкіндік болады.

Айдар АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы:

– Халық санағы бойынша жұмыстың қарқыны жаман емес. Санақ қызметкерлері қаланың 68 пайыз тұрғын үйлерін аралап үлгерді. Бұл жұмыс келесі аптаның аяғына дейін бітіп қалады. Жалпы, 703 адам қарастырылған, оның ішінде 618 сұхбатшы үй-үйді аралап жұмыс жүргізу үстінде. Оның үстіне сұхбатшыларды қадағалайтын нұсқаушылар бар. Одан басқа санақ жұмыстарын ұйымдастыратын арнайы уәкілдер бар. Алдын ала алынған мәлімет бойынша санақ қызметкерлері тұрғындар тұруы мүмкін 631 083 тұрғын және тұрғын емес орынжайларды аралауы керек. 2021 жылдың 18 маусымына санақ қызметкерлері аралаған үйлердің, тұрғын үйлердің, ғимараттардың және тұру үшін пайдаланатын тұрғын емес орынжайлардың саны 401 168 нысан (64%) болды. Мұнда тұратын тұрғындар саны – 1113450 адам.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ИНТЕРВЬЮЕР АТРИБУТТАРЫ

- Халық санағының символикасы бар көк түсті шарф беріледі.
- ҚР аумағында халық санағын өткізу кезеңінде санақ персоналына куәлік (бейдж үшін қосымша бет) беріледі.
- Куәлікте интервьюердің немесе нұсқаушы-бақылаушының суреті болады, сонымен қатар, мынадай деректемелер: тегі, аты, әкесінің аты, берілген күні және оның жарамдылық мерзімі, аумақтық статистика органының қолы мен мөрі көрсетіледі.
- Халық санағының символикасы бар көк түсті портфель беріледі.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1

SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2

ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3

НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ



№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕР ҮШІН
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы
23 маусымдағы мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
390 430

II компонентпен
271 275
адам вакцина
салдырды



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

ӘУЕЖАЙ МЕН ВОКЗАЛДАРДА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров мегаполистің аумақтық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, бас санитар-дәрігер Ж.Бекшинмен және қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Н.Табынбаевпен бірге Алматы халықаралық әуежайы мен қала вокзалдарының аумағындағы санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің жұмысын тексерді.

Тексеру барысында мегаполис аумағына инфекция таралу жағдайларының алгоритміне және болдырмаудың алдын алу жөніндегі сақтық шараларына баса назар аударылды. ҚР аумағында коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі Ведомствоара-

лық комиссияның және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің елде «Дельта» («үнді») штамының айналымына қатысты тапсырмасын ескере отырып, жерүсті қызметтердің коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы дайындығы, ұшу аумағында инфекция симптомдарын анықтайтын жолаушылар үшін жекелеген инфекциялық бокстардың жұмысы тексерілді.

Әуежай кіреберістері «Ashyq» қосымшасы арқылы тестілеуге де назар аударылды. Күзет қызметіне орта есеппен әуежайға кіреберісте «қызыл» мәртебеге ие екі-үш жолаушы тіркелгені туралы хабардар етілді – инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін бұл адамдарға жедел шаралар қабылданды.

Әуежай базасында аэропорт бөлімшелері басшылығы мен өкілдерінің қатысуымен коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау

жөніндегі қалалық штабтың көшпелі отырысы өтті.

Әуежайды бақылау қорытындысы бойынша әуе айлағы басшылығы мен бөлімше өкілдерінің қатысуымен коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі қалалық штабтың отырысы өтті.

Эпидемиологтердің айтуынша, Дельта штамы жоғары жұқпалы әрі анықталған штамдарға қарағанда 60% жұқпалы. Орташа алғанда, бір адамнан 5-6 адам жұқтырады, ал айналымдағы штамдардан 3-4 адам. Штамын инкубациялық кезеңі жеті күнді құрайды. Ғалымдардың зерттеулері коронавирустың «үнділік» штамы ауруханаға жатқызу мен өлім-жітімнің ықтималдығы жоғары екенін айтты.

Ж.Бекшин «Үнді» штамының симптомдары басқа, үйреншікті штамдардан өзгеше. Мысалы, иіс сезу болмауы мүмкін. Алайда, аурудың белгілері болған кезде дереу дәрігерді шақыруыңыз керек, өйткені жаңа штам қауіпті. Осыған байланысты қала тұрғындары өзін-өзі емдеумен айналыспауы керек» – деді.

Әкімнің орынбасары Е.Бабақұмаров Санитарлық-эпидемиологиялық қорғаудың барлық шараларын күшейтуді, оның ішінде Әуежай қызметкерлерін вакциналауға шақырды. Сондай-ақ әуежайды дезинфекциялау жұмыстары жалғасатын болады.

Айта кетерлігі, Алматы эпидемиологтары қауіпті «Дельта» штамынан туындауы мүмкін коронавирустық инфекцияның жаңа толқынын жоққа шығармайды. Алматы қаласының коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі қалалық штабы тұрғындарды вакциналауға, сондай-ақ бетперде режимі мен әлеуметтік қашықтықты сақтауға шақырды.



Басты мақсат – қала тұрғындарының денсаулығына қауіп төндірмеу

Алматыда Ержан Бабақұмаров мегаполис аумағында орналасқан жеке емханалардың басшыларымен онлайн форматта кездесу өткізді. Кеңеске қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Н.Табынбаев пен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ аумақтық филиалының басшысы Т.Әбілдаев қатысты.

Бүгінде жер-жерде тараған коронавирустың үнді штамы халыққа вирустың басқа штамдарымен салыстырғанда екі есе қауіп төндіріп тұр. Осы орайда қалалық штаб халықты вакциналау жұмыстарын күшейтетін болады.

Ержан Бабақұмаров Алматыда жұқтырудың жаңа толқынын болдырмау үшін ұжымдық иммунитеттің қалыптастыруды жеделдетуге назар аударды.

«Қазіргі таңда біздің басты мақсатымыз – қала тұрғындарының денсаулығына қауіп төндірмеу және экономиканы тұрлатпау. Сондықтан тұрғындарды жаппай вакциналауды жеделдетуіміз керек. Бүгінде халықтың 30%-да ұжымдық иммунитет қалыптасқан, алдағы міндет – 70-75% халықты қамту. Вакциналау қарқынын төмендетуге болмайды. Бұл COVID-19 жаппай жұғуының алдын алуға және алматылықтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді», – деді қала әкімінің орынбасары.

Халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР Кодексіне сәйкес, медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері өзгелерге қауіп төндіретін аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізуге міндетті. Вакцина инфекцияның алдын алудың және болдырмаудың құралы.

Алматыда 23 маусымдағы жағдай бойынша барлығы 390 мыңнан астам адам, ал тәулік ішінде 5840 адам екпе алды. Қалада медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт нысандарында, базар мен қаланың СОСО-да 211 вакцина пункті жұмыс істейді. 1257 адамнан құралған 304 екпе бригадасы жұмылдырылған. Бүгінде қалада вакцинаның бірінші компонентінің 72 328 дозасы, екінші компоненттің 99 473 дозасы бар.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

Екпе паспортын кәдеге жаратыңыз

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бостандық ауданының кәсіпкерлері жеңілдіктер марафонын бастап, әріптестерін «QAMQOR» акциясын қолдауға шақырды. Олар осылайша бұл акцияны еліміздің барлық өңіріне таратып, халықты коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алуға ынталандырығысы келеді.

Алматы тұрғындары мен қонақтары вакциналау туралы төлқұжатын көрсеткен жағдайда, акцияға қатысушы кәсіпкерлер тарапынан тауарлар мен қызметтерге белгілі бір жеңілдіктер ала алады. Акцияға Бостандық ауданының 18 кәсіпкерлік субъектісі (кинотеатр, кофехана, монша, демалыс аймағы және басқалары бар) қатысуда. «Алматы қаласы Бостандық ауданының Кәсіпкерлер палатасымен бірге осы жобаны іске қостық. Оның аясында біз екпе алғаны туралы төлқұжаты бар клиенттерге жеңілдіктер ұсынамыз. Біздің фитнес орталыққа бірінші абонементті 20% жеңілдікпен алуға болады. Клиент келеді, әкімшіге паспортын көрсетеді. Бұл жеңілдік біздің клубта бірінші айға жарамды», – дейді аудандағы фитнес клуб иесі Кирилл.

«Осы жобаға қатыса отырып, мемлекетті қолдап, халықты коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алуға ынталандырғым келеді. Себебі, вакциналау пандемияны жеңудің жалғыз жолы деп санаймын», – дейді «GAME ON» компьютерлік клубтар желісінің иесі Бақытжан да. «Трансформа» мәдени кеңістігінің директоры Анна да – бұл акцияның қолдаушысы. «Біз – «Ashyq» жобасына қатысушылардың біріміз. Сондай-ақ, «Qamqor» акциясын да қуана қолдаймыз.

Вакциналау паспорты бар әрбір азамат біздің көрсетілімдерге жеңілдік ала алады. Келуді ұмытпаңыз, вакцина алыңыз, бұл өте маңызды», – дейді ол. «25 мамырдан бастап «METRO» ойын-сауық орталығы да осы акцияны қолдап, белсене қатысуда. Екі апта ішінде бізге вакцина алғанын растайтын төлқұжатымен 7 адам келді. Акция аясында бізден картинг, боулинг, бильярд, караоке сияқты қызметтерімізге 10% жеңілдік алуға болады. Барлық кәсіпкерді акцияға қатысуға шақырамыз», – дейді «METRO» ойын-сауық орталығының басқарушысы Бәлла.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі өкілдерінің сөзіне сүйенсек, бүгінгі күнге дейін 3 мыңнан астам азамат «QAMQOR» акциясына қатысушылардан тауарлар мен қызметтерге берілген жеңілдіктерді пайдаланған.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі өкілдерінің сөзіне сүйенсек, бүгінгі күнге дейін 3 мыңнан астам азамат «QAMQOR» акциясына қатысушылардан тауарлар мен қызметтерге берілген жеңілдіктерді пайдаланған.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі өкілдерінің сөзіне сүйенсек, бүгінгі күнге дейін 3 мыңнан астам азамат «QAMQOR» акциясына қатысушылардан тауарлар мен қызметтерге берілген жеңілдіктерді пайдаланған.



«Өзімді жақсы сезінемін»

99 жастағы әже – Зағиша Чалова №36 қалалық емханаға келіп екпе алды.

12 баланың анасы және 15 немеренің әжесі «Спутник V» ресейлік препаратын тандапты. «Бұл – менің жеке шешімім. Балаларымның бәрі екпе алып қойған. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Әрі қарай да осылай болады деп үміттенемін», – дейді әжей.

Жаппай екпе егу науқаны басталғалы бері Наурызбай ауданы бойынша бүгінгі күнге 27 мың адам вакцина салдырған. Олардың 40%-ы осы №36 қалалық емханада алған. Аудан бойынша екпе салдырғандар арасында денсаулығы бойынша шағым айтқан жандар тіркелмеген.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алуға күніне 150–200 шақты адам келеді. Екпе салдыруға ниетті тұрғындар үшін емхана демалыссыз, күнделікті сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Ауырып тұрсаңыз, үйде қалыңыз

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда «қызыл» мәртебесі бар тұрғынға кинотеатрға барғаны үшін айыппұл салынды.

Бұл туралы қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабылов мәлім етті.

«ПТР-сынамасы оң нәтиже көрсеткен алматылық 14 күндік карантин режимін бұзып, кинотеатрлардың біріне барған. Бірақ QR-кодты сканерлеген кезде, бойжеткеннің «Ashyq» қосымшасы «қызыл» мәртебені көрсеткен. Осылайша ол кинотеатрға кіре алмады», – дейді қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілі.

Оқшаулау режимін бұзғаны үшін тұрғынға қатысты Түркісіб ауданы

бойынша санитария дәрігерлері ҚР ӘҚБТК 425-бабы бойынша әкімшілік іс қозғады. Баптың санкциясы 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салуды көздейді. «ПТР-сынамасы оң нәтиже көрсеткен алматылықтарды 14 күндік карантин режимін сақтауға шақырамыз. Бұл тұрғындар арасында коронавирус инфекциясының таралуын азайтуға және «жасыл аймақта» тұрақты түрде қалуға мүмкіндік береді», – деді С.Байғабылов.



«QAZVAC» пен «СПУТНИК V» барлық штамнан қорғайды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында кеше қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, қаланың мемлекеттік бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин шұғыл брифинг өткізді.

Спикер мегаполис эпидемиологтері КВИ-дің жаңа мутацияларын анықтау үшін шаһар аумағында айналымда жүрген коронавирус штамдарына генетикалық зерттеу жүргізіліп жатқанын хабарлады.

«12–19 маусым аралығында мутацияланған штамдардың айналымын анықтау мақсатында ПТР-диагностикасын жүргіздік. 53 зерттеудің ішінен «Британдық штамм» 44-інде (83%), «Оңтүстік Африка» – 2 (4%) және біреуінде «Нью-Йорк» (1,8%) анықталды. Қалған 11%-да COVID-19 вирусының мутациясы анықталмады», – деді Ж.Бекшин.

Ведомство басшысының айтуынша, 16 маусымнан бастап жұқтыру көрсеткіші 0,7-ден 0,96-ға дейін өскен. Бұл көрсеткіштер кісі аяғы көп жүретін демалыс орындарына топталып барғандар және бетперде режимін сақтамайтын тұрғындар арасында өсіп отыр.

Қала тұрғындарының 28%-ы індетті супер-гипермаркеттерде, 5%-ы СОСО мен сауда үйлерінде, ал 3%-ы азық-түлік емес дүкендерде жұқтырған.

Айтпақшы, «Ashyq» жобасына қатысушы нысандарға барғандар арасында КВИ-ді жұқтыру дерегі тіркелмеген.

Алматы қаласының санитарлық дәрігерлері мен эпидемиологтерінің айтуынша, қауіпті аймақта 20–38 жас аралығындағы тұрғындар тұр. Бұл олардың арасында ерікті вакциналау белсенділігінің төмендігін көрсетеді деп отыр мамандар. 40–60 жас аралығындағы алматылықтардың 25%-ы да инфекция жұқтыруға бейім, ал 70 жастан асқан адамдар арасында бұл көрсеткіш 20%-ды құрайды. Мамандар пікірінше, ересектер мен балалар жаяу жүргіншілер жолы мен скверлерде бейқам жүруде. Бұл коронавирус инфекциясының жаңа толқынын тудыруы мүмкін.

Сондай-ақ, COVID-19-дың бұлайша өсуіне инфекцияның тез таралуына ықпал ететін мутацияланған штамдардың бас көтеруі де себеп екендігі анық.

Өкінішке орай, әлемді әбігерге салып жатқан үнділік «Дельта» штамы алматылық бір тұрғыннан анықталды. Ол – 1984 жылы туған үй шаруасындағы әйел. Күйеуі шет елде іссапарда жүр. Бір айта кетерлігі, оның жолдасы ақпан айында коронавируспен ауырған. Ал «Дельта» жұқтырған науқас қазір ауруханада жатыр. Онымен байланыс жасаған 7 адам да оқшауландырылған. Эпидемиологиялық тексеру жүргізіліп жатыр. Әзірге оның бұл штамды нақты қай жерде жұқтырғаны белгісіз.

Спикер «Дельтаның» белгісі суық тиюге ұқсас екендігін айтты. «Бұл штамды көбінесе жастар жұқтырады. Басты симптомы – бас ауруы, тұмау, ангина, жоғары температура, іштің ауыруы, құсу, тыныс жолының тарылуы. Әдетте иіс сезу жоғалмайды және жөтел болмайды», – деді Ж.Бекшин.

Бас санитар-дәрігер «Дельтаны» жұқтырмау үшін тұрғындарды екпе алуға шақырды. БАҚ өкілдерінің «QazVas» пен «Спутник V» «үнді» штамынан қорғай ма?» деген сауалына: «Біздің құрастырушылардың айтуынша, «QazVas» және «Спутник V» Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, барлық белгілі штамнан, соның ішінде «үнді» штамынан қорғайды», – деп жауап берді.

Сондай-ақ, журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, бүгінгі таңдағы эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, локаудан енгізу жоспарланбағанын мәлімдеді. «Барлығы өзіміздің тәртіпке, эпидемияға қарсы талаптарды сақтауға байланысты. Әрине, жаңа штамдар бей-жайлықты көтермейді. Сондықтан бетпердені дұрыс тағу керек, әсіресе қоғамдық орындарда, соның ішінде қоғамдық көлікте. Әлеуметтік арақатынасты қатаң сақтау қажет. Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін белсенді түрде вакцина алыңыз», – деді Ж.Бекшин.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕКПЕ САЛДЫРМАҒАНДАРҒА ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛЕДІ

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов ОКҚ-да өткен брифингте елдегі күшейтілген карантинге байланысты енгізілген бірқатар шектеуге тоқталып өтті.

• **COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған (медициналық қарсы көрсетілімдері бар және жазылып шыққандарды қоспағанда) қызмет көрсету саласының жұмысшылары, ірі ұйымдасқан ұжымдар үшін жұмысқа келу бойынша шектеулер енгізіледі;**

• **КВИ-ға қарсы вакцинадан бас тартатын (КВИ-ға қарсы вакциналауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ) қызмет көрсету саласының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және өзге де ұйымдасқан ұжымдардың қызметкерлері үшін міндетті ПТР-тестілеу талабы енгізіледі;**

• **«Ashyq» жобасына жаңа кәсіпкерлік субъектілерін қосу үшін, сондай-ақ жоба шеңберінде жұмыс істеп тұрған субъектілердің (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) жұмысын жалғастыру үшін барлық персонал мен сауда нүктелерін жалға алушыларды вакциналау қажеттілігі бойынша талап енгізіледі;**

• **«Ashyq» жобасына СОО, СҮ және азық-түлік емес базарлар кіреді.**

Үй аралап вакциналайды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

23-24 маусым күндері Алатау ауданында медицина қызметкерлері үй-үйді аралап, вакциналау жұмыстарын жүргізеді.

Шараның басты мақсаты – тұрғындардың сұрақтарына жауап бере отырып, екпе алу туралы дұрыс ақпарат жеткізу. Сондай-ақ, ауданда үйлерді аралап екпе салумен қатар, үлкен зауыт-фабрика жұмысшыларына ақпарат беру жиындары өткізіліп, жұмыстан босай алмайтын қызметкерлерді вакциналау жұмыстары қолға алынған.

Қалалық №25 емхананың бас дәрігері Әлия Мұратқызы мұндай шаралар әлі жалғасын табатынын айтады. Шараның



ерекшелігі – тұрғындардың арасындағы жалған ақпараттарға тосқауыл қою екен.

«Алатау ауданында 7 емхана бар. Онда аудан бойынша 236 636 адам тіркелген. Емханаларда ақпан айынан бастап емханаларға вакциналау жұмыстары жүргізілуде. Алдымен, медицина, кейін

құқық қорғау қызметкерлері және мұғалімдер вакциналанды. Сәуір айынан бастап тұрғындарға екпе егу жұмыстары қолға алынды. Сол уақыттан бері Алатау ауданында 24 екпелі пункт ашылды. Соның ішінде «Ақбұлақ», «Кенжехан», «Өжет», «Жібек жолы» базарлары мен «Бақорда», «Строй city» сауда орталықтарында, ауданға қарасты 4 мектепте бар.

Жоспар бойынша вакцина қабылдауға жарамды тұрғындар саны – 88 861 адамды құрады. Қазіргі уақытта 33 547 адам екпе алды. Бұл вакцина алуға жарамды тұрғындардың 38 пайызын құрайды. Жоспарға сәйкес шілде-тамыз айлары аралығында тұрғындарды толық вакциналау жұмыстары жүргізіледі», – дейді бас дәрігер.

«Айфон» ұтып алды



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһардың кезекті екпе пунктінде «Вакцина сал, сыйлық ұтып ал!» акциясының нәтижесі белгілі болды.

Алмалы ауданына қарасты сауда ойын-сауық орталығына күніне 50 шақты азамат екпе алуға келеді. Солардың ішінде ерікті түрде ұтысқа қатысқандар арасында ойынның нәтижесін білді. Кездейсоқ таңдалған жеңімпаздарға бірқатар сыйлық тағайындалған. Ал бас жүлдеге тігілген бағалы смартфонның иегері – 62 жастағы қала тұрғыны болды.



– Мамырда бірінші ұтыс ойынын өткіздік. 7 маусымнан бастап екіншісін өткізіп жатырмыз. Бас жүлде – iPhone12 теле-

фоны, – деді көпсалалы кешеннің бас директоры Жұмабек Артығалиев.

Акция нәтижесін жариялаумен қатар, медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесін де ескерген ұйымдастырушылар мұндағы мамандарды да назардан тыс қалдырған жоқ. Орталықтағы вакцина пунктінде жұмыс істеген қызметкерлерге алғыс айтылып, кішігірім сыйлықтар табыс етілді.

– Бүгін сауда орталығының әкімшілігі төл мерекемізбен құттықтап, сый-сияпаттарын беріп жатыр. Үлкен алғысымызды айтамыз, – деді №30 қалалық емхананың дәрігері Алтынай Кенжеханқызы.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Қайрат ТАРБАЕВ,
«Алматы қаласы музейлер бірлестігі»
директорының даму жөніндегі орынбасары:



сәтімде ең бірінші дәрігерлер менің денсаулығымды тексеріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондықтан да екпеге деген сенімім артты. Мен екпеге, ғылымға сенемін.

Раузия ОРЫНҒАЗЫҚЫЗЫ,
«Алматы қаласы музейлер
бірлестігінің» бас қор сақтаушысы:



– Мен «Спутник V» вакцинасының екі дозасын да алдым. Екпеден кейін жанама әсерлер байқалған жоқ. Өзімді бірқалыпты сезіндім. Індеттің кесірінен әлем елдері экономикалық тұрғыдан құлдырауға ұшырауда. Қаншама жұмыс орны жабылып, халықтың басым көпшілігі үйде отырып қалды. Жақындарымыздың біразы осы вирусты жұқтырып, өмірден өтіп те кетті. Сондықтан өзімді, жақындарымды қауіпті індеттен қорғайтын бірден-бір жол екпе алу деп санадым. Осы орайда барлық қала тұрғынын вакцина алуға шақырамын. Менің ойымша, бұл әрқайсымыздың азаматтық міндетіміз.

Бакберген ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ,
Алматы музейінің жетекшісі:



– Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы қауіпті індетті жеңе алмадық. Өршіп, емі де табылмады. Бүгінде медицина қарқынды дамуда. Сондықтан вакцина алудан қорықпаңыздар. Аурудан құтылудың тиімді әдісі – вакцина салдыру. Әлеуметтік желілерде таралып жүрген жалған ақпараттар мен қауесеттерге сенбеніздер.

Вакцина алу – өзіңіздің, жақындарыңыздың, әріптестеріңіздің денсаулығы үшін үлкен қадам. Вакцинаның бірінші компонентін қабылдағаннан кейін менде жанама әсерлер болған жоқ. Өзімді жақсы сезіндім. Екінші компонентті осы айдың соңында қабылдаймын.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Елімізде «Бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» қағидасы шеңберінде ПИК-тердің орнына МИБ (мүлік иелері бірлестігі) пен ҚС (қарапайым серіктестіктер) құрыла бастағаны белгілі. Бүгінде жаңа жүйеге көшу қалай жүріп жатыр? Үйді басқарудың жеке тәсіліне көшуде халық белсенді ме? Осы мәселе төңірегіндегі сауалдарға жауап алу үшін біз, Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол КАЖИНМЕН сұхбаттасқан едік.



– Нұрбол Қабдұлбарыұлы, жанартылған Тұрғын үй қатынастары туралы заңның қолданысқа енгеніне де біраз уақыт болды. Шаһарда жаңа жүйеге көшу процесі қалай жүріп жатыр?

– Барлығыңызға белгілі, Алматы – ірі тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Шаһарда 800-ден астам ПИК қызмет көрсететін 8,6 мыңға жуық КІПТУ бар. Енгізілген түзетулерді іске асыру мақсатында Жол картасы, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері жиналыстарының кестесі бекітілген. Бұл бағытта қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша мобильдік топтар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізуде.

– Қалада осы уақытқа дейін қанша МИБ, қанша ҚС құрылды?

– Соңғы деректер бойынша Алматыда 866 үйді басқарудың жаңа үлгісі тіркеліп, оның ішінде 435 МИБ пен 431 ҚС құрылған.

– Деректерге қарасақ, процесс баяу жүріп жатқанға ұқсайды. Себебі неде деп ойлайсыз?

– Ең басты себеп – қала аумағында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатындағы шектеу шараларының көптеп енгізілуі болды. Яғни карантин кезінде МИБ, ҚС құру үшін пәтер иелерінің басын қосып, жиналыс өткізу мүмкін болмады. Бұл – бір. Екіншіден, жасыратыны жоқ, тұрғындар арасында жаңа жобаға атүсті қарайтындар көп. Мәселен, мобильдік топ меншік иелеріне алдын ала хабарлап, жиналыс өткізетіндіктерін айтқанымен, басқосуға небәрі 1-2 адам ғана келетіндер бар. Бұл бағытта пәтер иелеріне ұжымдық жауап-

МИБ: Жаңашылдықтан ұтарымыз көп



Суретті түсірген Самат СЕРІКАЙҰЛЫ.

• Бүгінде Алматыда 435 МИБ пен 431 ҚС бар

кершілік жетіспейді. Мұндай салғырттық, әлбетте, процесті тежейді.

– Бұл көрініс халық арасында жаңа құрылым жайындағы насихаттың әлі де болса аз екенін көрсететіндей. Көпшілікті толық ақпараттандыру үшін қандай түсіндіру шараларын жүргізуді қолға алмақсыздар?

– Біз БАҚ-пен белсенді әрі жүйелі түрде жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бүгінге дейін жаңа құрылым жөнінде 120-ден астам мақала жарияланды. Тұрғындарға кеңес беру үшін жауапты қызметкерлер бекітіліп, барлық байланыс деректері Басқарманың және аудандық әкімдіктердің ресми парақшаларында орналастырылды. Бұдан бөлек, біз жаңа жүйеге көшуге арналған бейнеролик әзірледік. Онда басқарудың жаңа нысанын құру алгоритмі кезең-кезеңімен ұсынылады. Сондай-ақ, кондоминиум объектісін басқаруға және оның ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты мәселелерді талқылау үшін тұрғындармен жазбаша, ZOOM платформасы арқылы онлайн-форматта сауалнама жүргіздік. Алдағы уақытта аудан-ауданды аралап, түсіндіру жұмыстарын қайта жандандыру үшін тұрғындармен кездесулер ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

– Егер тұрғындар МИБ құруды қаламаса, бұрынғыша ПИК-ті құп көрсе, қайтпек керек?

– Жаңа жүйеге байланысты заң қабылданып, шекті уақыты да белгіленген. Егер

Алматы аудандарындағы МИБ және ҚС құру көрсеткіші:

№	Аудандар	КІПТУ	МИБ	ҚС
1	Алатау	655	50	40
2	Алмалы	1395	46	5
3	Әуезов	1740	111	169
4	Бостандық	1866	97	37
5	Жетісу	685	32	16
6	Медеу	829	63	5
7	Наурызбай	266	9	10
8	Түркісіб	1209	27	149
	Барлығы	8645	435	431

белгіленген мерзімге дейін көппәтерлі тұрғын үйде МИБ немесе ҚС құрылмаса, қазіргі ПИК одан әрі үйді тікелей басқара алмайды. Сондықтан да пәтер иелеріне МИБ немесе ҚС-ке көшуге ерте қамдана бастаған жөн. Өйткені, қазіргі ПИК-тердің 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін ғана жұмыс істеуге құқы бар.

– МИБ құру кезінде пәтер иелері ортақ келісімге келе алмай жатса, мәселе қалай шешіледі?

– Шешімдер қабылдау тәртібі ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 42-1 бабында белгіленген. Көптеген мәселелер бойынша шешім көпшіліктің талқы-

сынан кейін қабылданады. Яғни жиналысқа меншік иелерінің жартысынан көбі қатысқанда және ол қатысушылардың көпшілік дауысы нәтижесінде шешіледі. Қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді және барлығы үшін міндетті болып табылады. Егер меншік иелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда оған сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

– ТҮКШ мәселелері бойынша заң аясында қала тұрғындарын тағы қандай өзгерістер күтіп тұр? Негізгілерін атай аласыз ба?

– Енгізілген түзетулерге сәйкес күрделі жөндеу жүргізуге арналған тарифтің ең төменгі мөлшері 75%-ға төмендетілгенін, яғни 0,02 АЕК (50,5 тт.) орнына 0,005 АЕК-ке дейін (14,58 тт.) азайғанын айтуға болады. Сонымен қатар, тұрғындарға күрделі жөндеу жүргізу үшін тұрғын үй замын алуға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, мәслихаттың кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту көзделген. Бұдан басқа, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылыстардың (лифтілер, көтергіш механизмдер, қазандық жабдықтар) қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнамамен басқарманың тиісті қызметкерлеріне мемлекеттік инспектор мәртебесі берілді.

– Нұрбол Қабдұлбарыұлы, жаңа жүйенің халыққа тиімділігі неде деп ойлайсыз?

– Бүгінге дейін ПИК-тер бірнеше үйге қызмет көрсетіп, жаңадан баспаналы болған тұрғындардың ай сайынғы үй күтімі үшін төлейтін қаражаты өзге үйдің жөндеу жұмыстарына жұмсала беретін. Егер МИБ немесе ЖС құрылатын болса, екі есепшот ашылып, қаражаттың қайда бағытталатынын бақылап отыруға мүмкіндік бар. Бірінші есепшотта қызмет көрсетуші ұйымға, екіншісінде тұрғындардың үйлерін жөндеу мақсатындағы қаражат жинақталады. МИБ-ке өткен соң тұрғындар ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарайтын болады. Егер жаңа жүйе өз нәтижесін беретін болса, бұл алматылықтардың тұрмыс-жағдайының жақсаруына, һәм тұрғылықты жерінің жайлы мекенге айналуына септігін тигізетіні анық. Демек, жаңашылдықтан ұтарымыз көп.

– Алдағы уақытта жаңа жүйе тиімділігін көрсетеді деген сенімдеміз. Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

САУАЛНАМА

МИБ не береді?



Нұрмұхамеддин БАҚТЫҒАЛИЕВ, қала тұрғыны:

Өзіндікіне өзін иесің

МИБ құруға мен қарсы емеспін. Әр үйдің жеке МИБ-і болса, оған сондағы тұрғындар арасынан басшы тағайындалады. Соған сай әр үйдің жеке шоты болады. Мәселен, әр үйде 54 пәтер болса, солардың ай сайын төлейтін «тұрғын үйді күтіп ұстау» бөліміне төленетін қаражат ортақ шотқа түседі. Бәрі анық, ашық түрде болады. Тұрғындардың бәрі қанша ақша түскенін, оның қайда кетіп жатқанын біліп отыратын болады. Соған сай үйдің қажеттілігі сол қаражатқа қарап жоспарланады. Нені қайда жұмсау керектігін алдын ала білуге болады. Су аққан шатырды жөндеу, қираған қабырғаны түзеу, еденді дұрыстау, есік пен терезені сырлау секілді жұмыстар үшін әркімнің артынан жүгіріп жүрмейсіз. Одан қаражат қалса, оны жинап басқа қажеттіліктерге жұмсай аласыз. Қысқасы, өз қаражатыңа өзін егелік етесің. Аула сыпырушы, электрик, сантехник бәрін нақты жалдап, «мынандай ақша берем, мынаны жасайсың!» деп айта алатын боласыз. Сол кезде бәрі дұрыс болады. Айлыққа жалданып алып, жай жүре берген деген болмайды. Мәселен, қазірде ай сайын әр пәтер төлеген ақшаның қайда кетіп жатқанынан тұрғындар бейхабар. Өйткені, есеп берілмейді, жұмыс жоспары таныстырылмайды. Бүгінде қалада МИБ құрып жатқан үйлер бар. Сұрастырып көрсем, бәрі дұрыс жүріп жатқан секілді. Сондықтан бізге де ертерек МИБ құрып, өз қаржымызды өзіміз қолға алуымыз керек.



Ақмарал ШАТЕМІРҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

Ортақ жауапкершілік

МИБ, ең алдымен, тұрғын үйге деген жауапкершілікті арттыратын секілді. Өйткені, басшы өз ортамыздан тағайындалғандықтан әрі қаражат өзіміздікі болған соң, оған жаны ашып қарайтын болады. Басшыны сайлауда оның тұрғын үй тіршілігінен хабары бар адам болғаны маңызды. Өйткені, ол жұмыс барысында жарық, жылу, су бойынша түрлі басқармалармен, орталықтармен келісім-шарт жасасып, бірігіп жұмыс істейтін болады.

МИБ – тұрғындардың ай сайынғы төлемін үнемдеуге көмегін тигізеді. Бұрын жиналған ақшаның есебін білмейтінбіз, ол айтылмайтын. Бәрін ПИК басшысына сеніп тапсырып қойып отыра беретінбіз. Егер МИБ құрсак, ол тұрғындарға қаржыны бақылауға мүмкіндік береді. Мәселе ақшада да емес, десе де жөндеу жұмыстары, тұрғын үйдің күйі бәрі тікелей қаражатқа келіп тіреледі әрі көкейде жауапсыз сауалдар да жоқ емес. Мәселен, күрделі апаттық жағдай орын алса, оны қалыпқа келтіруге бір үйдегі пәтерлердің жинаған қаражаты жете ме? Қазір, мысалы, ондай жағдай бола қалса, ПИК-тегі барлық қаражат сонда жұмсалыуы мүмкін. Онда 1 үйдегі 54 пәтердің емес, бүкіл ықшамаудандағы пәтерлердің ақшасы жұмылдырылады.

Осы тұста, бір қуантарлығы, бұрындары қаражатын ПИК-ке сеніп, тапсырып жүре беретін көршілер бір-бірімізбен танысып жатырмыз. Ал таныстық үйді таза ұстауға, жиналған қаржыны тиімді жұмсауға жол ашады. Үкіметтің бұл жобасын халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін қабылданған жоба деп санаймын.



Дина АСАНОВА, қала тұрғыны:

Басшылыққа үміткер көп

Ауламызда – қазір күнде жиналыс. Тұрғындар МИБ-ті талқылайды. Негізі, МИБ-тің басшысы болу онай шаруа емес. Бірақ сонда да оған үміткерлер көп. Әркім өз жоспарын айтып, жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бізге, тұрғындарға ең маңыздысы – үй таза болса, ақша орнымен жұмсалса болды.

Мені ойландыратын сауалдар да жоқ емес. Мәселен, МИБ-ке бөлініп шыққаннан кейін көпшілік пәтерақысын төлеуде еркінсіп жүріп алмай ма? Жаңадан тағайындалған басшылар есеп-қисапты қалай жүргізеді? Бір нәрсе дұрыс жүргізілмесе, жарық, жылу, су секілділерге қарыз болып қалмаймыз ба?

Сосын аула сыпырушы бәрімізге ортақ бола ма? Оның жалақысын қазір ПИК төлейді. МИБ құрсак қалай істейміз? Барлық үй бірігіміз бе? Бір аула үшін жеке аула сыпырушы жалдамайтынымыз белгілі ғой. Тағы бір сұрақ, МИБ басшылары қайда отырады? Оларды тұрғындар қайдан іздейді? Әлде, олардың бәріне ортақ бір кеңсе жасақтала ма? Басшы ортамыздан шыққанымен, оны тұрғындар іздеген кезде таба алмай қалуы мүмкін. Сайланған адам тұрғындардың арыз-шағымын, өтінішін тыңдай білуі керек. Онсыз да осы күнге дейін сөзімізге құлақ асатын адам таппай, қираған нәрсе қираған жерінде жатыр.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



«ПОЛИЦИЯ ХАЛЫҚҚА ЕТЕНЕ ЖАҚЫН БОЛУЫ КЕРЕК»

Алматы қаласы Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов «Алматы» телеарнасындағы Akimat LIVE бағдарламасында қонақта болды

Қанат Даниярұлы бүгінде сервистік полиция ұғымының кеңірек танылып келе жатқанын атап өтіп, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында тұжырымдалған тәртіп сақшыларының атқарар рөлі мен қызметіне жан-жақты тоқталды.



Полиция халыққа етене жақын болуы керек. Департамент қызметкерлерінің әлеуметтік желіде 500-ге тарта парақшасы жұмыс істейді. Полиция департаментінің басшылығы мен бөлімдері қалалық ПИК-тің топтық чаттарында тіркелген. Нәтижесінде қала тұрғындарының өтініштері едәуір азайған.

«Егер бұрындары күніне 12-13 мың сауал қабылдасақ, ал қазір 5-6 мыңға дейін қысқарған. Біздер Алматы

әкімдігімен бірге үш жылдық жоспарды бекіттік. Осы жоспарға сәйкес, қалалық полиция қызметкерлеріне әлеуметтік жағдай жасау қарастырылған. Дәлірек айтсақ, Алматы қаласының учаскелік полиция бөлімшелері үшін 29 үй сатып алу жоспарланған. Биыл тоғыз пункт ашуды көздеп отырмыз. Олар Жетісу, Түркісіб, Наурызбай және Алатау аудандарында пайда болады», – деді спикер.

437 маман тапшы

Қанат Таймерденов учаскелік инспекторлардың жетіспеушілігі мәселесі жайында да айтты.

Шаһардың бас сақшысының айтуынша, қалалық Полиция департаментінде 6040 қызметкер еңбек етуде. Оның ішінде 5597-і аттестацияланғандар. Қалғаны – мемлекеттік әкімшілік қызметшілер. Күнделікті кезекші отрядтан басқа, қоғамдық тәртіпті күзетуге 1500 полицей

550 патрульдік бекеттерге жіберіледі.

«Қазіргі уақытта біздер әкімдікпен аймақтық инспектор мәселесін ақылдасудамыз. Егер жан басына шағатын болсақ, онда 437 маман керек. Сондай-ақ, Ішкі істер министрлігімен де аталған мәселені кеңесудеміз. Бізде учаскелік тәртіп сақшысының 113 көмекшісі бар. Алда олардың дәрежесін көтереміз», – деп жауап берді Қанат Таймерденов.

Алматылық полицейлер 100 пайыз екпе алды

Қанат Даниярұлының сөзінше, қаланың полиция басқармасындағы жеке құрам және баршасын қоса санағанда, 6040 қызметкер, түгелімен 100 пайыз екпе қабылдаған.

«Өздеріңіз білесіздер, былтыр біз дәрігерлермен бірге блок-бекетте қызмет жасадық. Карантин кезінде біздің қызметкерлер алдыңғы шепте болды.

364 қызметкер осы індетпен ауырып шықты. Бір қызметкеріміз, өкінішке қарай, көз жұмды. Биыл жаппай вакциналау басталған кезде бірінші болып екпе алуды қолға алдық. Қазіргі таңда Полиция департаментіндегі жеке құрам және барлық қызметкерді қосқанда 6040 қызметкер толығымен 100 пайыз екпе алды», – деді спикер.

Самокаттар жол апатына жиі себепкер болуда



Қалада скутерлердің әсерінен қайғылы оқиғалар мен әртүрлі жағдаяттар орын алуда. Аталған мәселені азаматтар әлеуметтік желіге де жазып жүр. Бұл нағыз бас қатырарлық проблемаға айналған. Сол себепті, заңды сауал туындайды: «оларға да заңдық шектеулер қажет емес пе?» деген.

«Мұны бір ғана Алматының емес, республикалық деңгейдегі түйткіл деп қарастырған жөн. Самокатты әртүрлі жастағылар қолданады. Жылдамдықтары да баяу емес. Олар белгіленген жерден,

жаяу жүргіншілер өткелімен жүруі керек, алайда көбіне олай емес. Соңғы 5 айда самокатшылардың қатысуымен 29 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Екі бала зардап шекті. Таяу арада шетелдік тәжірибені ескере отырып, осы мәселенің шешімін әкімдікпен бірлесіп табуды көздеп отырмыз», – деді Қ.Таймерденов.

Спикер атап өткендей, кадрларды тек мамандандырылған жоғары оқу орындарының түлектері ғана толықтырмайды.

Басқарма бастығының пікірінше, қалалық ПД 10 қызметкерінің төртеуі 25-ке толмаған. Жыл сайын Алматыға арнайы университеттерден, Қарағанды және ПМ академиясынан жұмысқа орналасуға 100–120 адам келеді.

«Сонымен қатар, біз азаматтық университеттерден Ішкі істер органдарына қызмет етуге ниет білдірген адамдарды да аламыз. Біз өзімізді ұдайы жаңартып жатырмыз. Егер тек жеке құрамды алатын болсақ, ондағы жаңару үрдісі шамамен 40%-ға жуықтайды. Бұл – 25 жасқа толмаған қызметкерлер жұмыс жасайды деген сөз», – деді Қанат Таймерденов.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҚОҒАМ

Қазіргі таңда әлемдегі ең өзекті мәселенің бірі – діни экстремизм мен терроризм қаупі. Ғаламдық бұл нәубет қоғамға саяси, экономикалық, моральдық шығындар әкеліп, үрей тудырады. Әсіресе, біздің елде терроризм қаупі ХХ ғасырдың 90-жылдарында өршіп тұрды. Дін атын жамылған содырлық әрекеттер орын ала бастады. Республиканың батыс және оңтүстік аймақтарында орын алған лаңкестік оқиғалардың мемлекет қауіпсіздігіне біраз қауіп төндіргені де есімізде.



МАҚСАТ – ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ



Динара МҰРАТ

Сол себепті, біздің мемлекет діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолында түрлі бағдарламалар қабылдап, күресу амалдарын тоқтатпай келеді. Мысалы, кеше ғана «Достық» үйінде Алматы қаласы Дін істері басқармасы басшылығының, дін проблемаларын зерттеу орталығының, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық-мәдени орталықтары төрағаларының қатысуымен «Конфессияаралық және ұлтаралық келісім қазақстандық қоғам тұрақтылығының негізі ретінде» атты «Дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты ретінде конфессияаралық және ұлтаралық келісімді дамыту көзделген. Кездесу барысында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу саласындағы жұмыстың тиімділігін арттыру, сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылықты нығайту мәселелері жөнінде пікірлер тыңдалып, жан-жақты талқыланды. «Ариана» ауған орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Восток Ахмадулла Ауғанстан еліндегі террорлық әрекеттер жайлы кеңінен айтып, біздің елге жеткен бағыттарына тоқталса, «Ахысқа» түрік этно-мәдени орталығы» төрағасының

орынбасары Эльнур Рафик-Оғлы терроризмнің қазіргі бейнесі жайлы атап өтті.

«Біз бүгін Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен бірлесе отырып діни экстремизмнің алдын алу шаралардың ұйымдастыру жолдарын, мәселелері мен оңтайлы тәсілдерін пысықтау үшін жиналып отырмыз. Алматы – жастар қаласы болғандықтан, олармен қандай жұмыс жүргізілуі керек екеніне баса назар аударып отырмыз. Оларды деструктивті теріс ағымдардан қорғау жолдарына тоқталдық», – дейді Алматы қаласы Дін істері басқармасы басшысы Нұрлан Қиымовтың.

Нұрлан Қиымовтың айтуынша, қазіргі уақытта жастарды экстремистік ағымдардан қорғаудың барлық алдын алу шаралары жүзеге асуда. Балабақшадан бастап, мектеп, жоғары оқу орындары мен жергілікті мешіттегі имамдармен жан-жақты бірлескен жұмыстар жүргізілуде.

«Біздің басқарма былтыр, 2020 жылдың тамыз айынан бастап жұмыс істей бастады. Жақында басқарманың форматын толық өзгерткен болатынбыз. Яғни біз құр сөзден гөрі тәжірибеге мойынсұнып отырмыз. Осыған дейін ұйымдастырылып жүрген ресми іс-шаралар санын азайттық. Басты нысанамыз – жастар қауымы», – деп қорытындылады басқарма басшысы.

ТҰСАУКЕСЕР

РУХАНИ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Әсел ДАҒЖАН

Сейсенбі күні қаладағы Ұлттық кітапханада Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының жетекшілігімен жарыққа шыққан «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабының таныстырылымы болды.

Іс-шараға ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, жазушы Смағұл Елубай, «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директоры Төлеміс Бақтыбайұлы Құлмұхамедов және басқа да бірқатар қоғам қайраткерлері қатысты. Ігі іс-шара Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспаннұң Құран оқуымен басталды. Бас мүфти оқылған Құранның сауабын марқұмдарға бағыштап, жиынға қатысушыларға ізгі тілегі мен алғысын білдірді. Наурызбай қажы Тағанұлы ихсан асыл дініміз бен қазақ руханиятындағы үлкен маңызға ие ілім екенін айта келіп: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болғанымда елімізде Ихсан ілімін кеңінен насихаттау қажеттілігі туралы бастама көтердім. Президентіміз бұл бастаманы қолдайтынын жеткізіп, игі тілегін білдірді. Біз

халқымыздың жүрегіне жақын рухани ілімді кеңінен насихаттау үшін «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабын шығаруды қолға алған едік. Міне, ерекше ынта-ықыласпен жазылған қолыңыздағы бұл еңбек сіздің де рухани өміріңіз үшін пайдалы болады деген үміттемін», – деді Бас мүфти.

Жиын үстінде жиналған қауымға жаңадан жарық көрген кітап таратылып берілді. «Қоғамды жаңғырту мақсатымен жазылған кітап екен. Мұны жастардың оқуымен қатар «мен мұсылманмын» деген шенеуніктің де үстелінің үстінде тұруы тиіс. Бүгінгі қоғамдағы жемқорлық, ашкөздік, жағымпаздық, суицид, ажырасу секілді қылмыстың небір үлкен түрлерімен күресте осы кітап жеңіске жететініне менің көзім жетті. Өйткені, кітаптың соңғы тарауына дейін оқып шықтым», – деді жазушы Смағұл Елубай.

«Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабынан оқырман қауым «Жаратушы Аллаға ихсан», «Тұлғалық ихсан», «Ихсан және қоғам» сынды тараулар қамтылып, адал еңбек ету, жетім-жесірге қарайласу, таразыдан жемеу, жемқорлық, тәкаппарлық, дүниеқұмарлықтан сақтану, ата-ананың ақысы, адамдарды аңдымау, суицидке бармау секілді мәселелер барынша кең жазылған.



ӨМІРДІҢ ӨЗІ



Бағдаршам түбіндегі өрендер

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бағдаршамға тоқтағанымыз сол еді, жасы 10-нан асып қалған екі бала жанымызға келіп:

– Көлігіңіздің терезесін жуып берейік пе? – деді. Қолдарында әйнек жуатын сұйықтық пен сүрткіштері бар екен. Жолдасым:

– Атың кім? Қанша теңге аласың жұмысыңа? – деп сұрады. Бидай өңдісі: – Атым – Ерасыл, жанымдағы досым – Ваня, – деп таныстырды. Досы қазақша «ассалаумағалейкум» деп амандасты.

– Аға, не берсеңіз, соны аламыз, – деді Ерасыл. Жолдасым: – Ол ақшаны не істейсіндер? – деп сұрап еді, екі бала бірге:

– Футболистердікіндей футболға киетін бутсы алғымыз келеді, – деді.

Бағдаршамның қызыл түсі әлі 45 секунд жанады. Балалар сол жаққа жалтақ-жалтақ етіп қарай берді. Өйткені, олар жұмыс істеп үлгеріп қалуы керек. Көлік жүрген кезде олар жолдың шетіне шығады. Жолдасым да олардың асығып тұрғанын байқаған болуы керек, уақыттарын алмай, әйнекті жуғызбай, қолдарына ақша ұстатып:

– Өз күштеріңмен бір нәрсе істеуге талпынғандарың үшін бердім ақшаны. Бірақ бұлай жүргендерің қауіпті, ата-аналарыңа ескертіндер. Ал Ваня, сенің қазақша сәлемдескенің үшін бұл ақша, – деп әзілдеді.

Балалар риза болып, ары қарай жүріп кетті. Біздің алдымызда тұрған 2-3 көлік иелері де жуғызбастан балаларға ақша ұстатып жатты. Неге? Рас, олардың көшеде жүргені қауіпті, оны қолдамаймыз, десе де балақайлар өзгелер секілді жұмысқа жарай тұра, қайыр сұрап жүрген жоқ. Олар өз еңбегімен ақша табуға ұмтылып жүр. Ал дәл қазір олардың қолынан басқа не келеді?

«Бутсы керек» дейді. Дұрыс, өйткені, балалар демалыс кезінде алаңсыз футбол ойнайды. Оған киетін аяқкиімі жоқ шығар, жанындағылардікін көріп қызығатын шығар, бәлкім, футбол алаңына арнайы киімсіз кіргізбейтін болар, кім білсін?! «Аяқкиім әпер» деп ата-анасына салмақ салғысы келмеуі де мүмкін. Қысқасы, әлгі Ерасылдың көзінен жалын көргендей болдым. Бармақтай бақ бұйырса, биіктен көрінетін баланың кейпі байқалады. Аңқылдаған балада арам ой да жоқ. Жолдасым да «алдап тұрған жоқ, шынымен бутсы алады» деп қояды.

Көлік жүріп кеткеннен кейін де ұзап кеткенше балаларға қарап отырдым. Жүрегімде «жарқын болашақ бұйырсын» деген тілек болды.

МӘСЕЛЕ

Елімізде соңғы уақытта баласын толық емізетін аналар азайып барады. Бірі дене мүсінін ойласа, бірі жұмысқа ерте шығып кетеді. Нәтижесінде бала әлжуаз болады.

Босанған жас аналардың 62 пайызы ұрпағын жасанды ұнтақпен тойдырады екен. Мұндай деректі ЮНИСЕФ балалар қоры ұсынған.

– Ана сүті деген теңдессіз, Құдайдың берген сыйы болып есептеледі. Сондықтан «ана сүтін алмастырушылар» деген терминнің өзі де мүлде оған сәйкес келмейді. Әр минуттың өзінде ананың сүті өзгеріп отырады. Әр ананың сүтінің құрамы әртүрлі. Ол ағзада нәрестенің қажетіне қарай түзіледі. Ал жасанды ұнтақ дайындалған бір құраммен шығарылады. Ол біреуге жақса, біреуге кері әсер етеді, – дейді «Ана сүтімен емізу» бағдарламасы бойынша сарапшы, медицина ғылымының кандидаты Ардақ Шырынбекова.

– Ұзақ емген баланың иммунитеті жақсы болады. Әрі ондай балалар көп ауыра бермейді. Өйткені, ананың сүтінде балаға керек барлық дәрумен болады. Ол бала іште жатқан кезде түзіледі. Ал сүттің орнына жүретін қоспада кейбір дәрумендер көп, кейбірі аз болуы мүмкін. Оның неден, қалай жасалғаны да белгісіз. Ұнтақ жеп өскен балаларда аллергия, семіздік және ішек аурулары жиі кездеседі, – дейді балалар дәрігері Дина Асанова.

Балаға ұнтақ берудегі басты себептердің бірі – анасынан сүт шықпау. Бірақ дәрігерлер «сәбиін сүтке жарыта алмау» деген 1000 адамда бір кездесетін сирек жағдай дегенді айтуда. Халықаралық ЮНИСЕФ қоры да осы пікірді растайды. Олардың айтуынша, жас аналар дұрыс әрі ұзақ емізудің тиімділігін ескере бермейді. Бала 1 жасқа толар-толмас емізуді қойып, қосымша тамаққа көшіріп жібереді. Бүгінде елімізде нәрестелердің тек 38 пайызы 6 ай ғана ана сүтімен қоректенеді. Қалған балалар еміп жүріп, қосымша тамақ ішеді.

АНА СҮТІН ЕМГЕН
БАЛАНЫҢ ИММУНИТЕТІ
ЖАҚСЫ БОЛАДЫ

ДДСҰ ұйымы 40 жыл бұрын ереже қабылдаған екен. Онда медицина мекемелерінде қандай да бір ұнтақты жарнамалауға және дәрігерлердің ұсынуына тыйым салынған. Рас, ана сүтін алмастыратын қоспалардың жарнамасын теледидардан да, көше бойындағы жарнама тақтайларынан да жиі көреміз. Оларда томпиған баланың суреті, жағымды ақпараттар жазылады. Сонысымен де кез келген адамды бірден елітіп әкетеді. Жас аналардың қоспаға қызғушылығын арттырады және сәл сүт шықпай қалса олар соны беруді ойлап тұрады. Негізі, жаратылыста әр ана өз баласын тойдыруға қабілетті. Тек дұрыс тамақтанып, қажетті ережені сақтауы керек.

Қазір емханаларда сәбиін сүтке жарыта алмайтын аналарға қоспа тегін беріледі. Ол үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, тауарды жеткізуші тендермен таңдалады.

Бұған қоса, қоспа шығаратын кәсіпорындар медицина қызметкерлері арасында тауарын жарнамалап, сыйлықтар ұсынады. Жас аналарға өнімін ұсынууды сұрайды. Өйткені, оған тыйым салатын заң жоқ.

Олар жарнаманы астыртын жасайды. Дәрігерлерге атаулы дәптер-қалам таратқан болады. Ал онда қоспа туралы ақпарат беріледі. Бастысы, ондағы суреттердің бәріндегі балалар томпақ болады. Соны көрген ата-аналар «қоспа берсек, біздің баламыз да салмақ қосады» деген ойдың шырмауында қалады. Қоспаның зияны туралы ұмытып та кетеді.

Сондықтан қоспа шығаратындар қораптарының сыртында емізудің пайдасы туралы ақпарат беруге тиіс әрі оны заңмен міндеттеген абзал. Елімізде ұнтақты жарнамалау мәселесі де жүйелеуді қажет етеді.

А.НӨЛДІБЕКОВА.

ТӘРБИЕ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бейтаныс адамның сыртқы бет-бейнесі арқылы оның болмысы мен мінез-құлқын, қандай адам екенін танып-білу, әсте мүмкін емес. Бірақ кей адамдардың тұйық немесе ашық мінезді екенін аңғару қиынға соқпайды. Жалпы, тұйық мінез – үлкен-кішіге ортақ қасиет.

Тұйықтық – адам бойына бала кезден қалыптасатын қасиеттердің бірі. Шет елдің психолог мамандарының пікірінше, тұйықтық туа пайда болады және көбіне тек арқылы да беріледі. Сыртқы физиологиялық жағынан адамның тұйық екені көрініп тұрады. Кей жағдайда ата-ананың ба-

лаға деген қарым-қатынасы мен өскен ортаға байланысты болуы мүмкін.

Тұйық балаларға бәрінен де айналасындағылардың қолдауы маңызды. Олардың бойында қорқыныш сезім басым болады. Жеке пікірі бола тұра, өз ойын ашық жеткізе алмайды. Мәселен, тілі шыққан кішкентай балалар әр нәрседен алған әсерін біреуге айтып бөліскісі келеді. Бірақ сол кезеңдерде балаға ешбір адам көңіл аудармаса, мұның салдары тұйықтыққа әкеледі. Ата-ана баласының бұл мінезін өзгертуге тырысқаны жөн. Тұйықтық пен ұялшақтық баланың өмірден өз орнын табуына кедергі келтіреді. Баланың тұйықталуының басқа да себептері бар және мамандардың бұған қатысты айтары да аз емес...

Балиса БЕКЖАНОВА,
бастауыш сынып мұғалімі:

– Отбасында жалғыз өскен балаларда тұйық мінез басым болады. Тұйық баламен жұмыс істеу үшін мектепте мұғалім өзіне жақын тартып, мінезін ашу маңызды қадамдардың бірі. Көбірек жеке сөйлесу керек. Жеке тапсырмалар беру арқылы баланы топқа үйретеміз. Мысалы, тәжірибемде бала бойынан тұйықтық байқасам алдымен, өзімен, ата-анасымен жеке сөйлесемін. Сыныптас-тарымен көбірек байланыс орнатып, тапсырмалар орындап, ортаға сіңіседі. Ортаға сіңіскен баланың мінезі де ашыла бастайды.

Ақгүл ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ, психолог:

БАЛА ТҰЙЫҚТЫҒЫНА
БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАУ КЕРЕК

Бала бойында тұйықтық мінез өзінің жақын-дарымен де, бөтен адамдармен де қарым-қатынасқа түсуде қиналуы, сезімі мен ойын еркін жеткізе алмауы, үнемі оқшаулануға бейім болуы, көпшілік ортаға кіруден қашу сияқты іс-әрекеттерінен байқалады. Әсіресе, кішкентай балалар бөтен адамдарды жатырқайды. Баланың тілі шығып, жан-жағындағы дүниелерге қызығушылығы артатын, баланың қоғамға бейімделуіндегі ең маңызды кезеңі – 1–3 жас аралығы. Өзі бір нәрсе жасап көру арқылы өзіне деген сенімділігі осы кезде артады. Бала анадан туғаннан кейін, кіндігін кесу арқылы өзінің жеке болмысын ажыратады. Кейін мұндай дербестік бала психикасында нақтыланады. Атақты психолог Эриксон баланың өзіне деген сенімсіздігі қалай пайда болатынын, сенімсіздіктен тұйықтық қалыптасатынын ашық талдаған. Сондай-ақ, бұл кезеңде баланың қызығушылығымен бірге қателескен тұстарын да қолдау керек. Кейбір ата-аналар балаға үнемі тыйым салып, көп нәрсеге шектеу қояды. Ал бұл баланың өзіне деген сенімділігін жойып, тұйықтыққа әкеледі.

Біріншіден, анасынан эмоционалды қажеттіліктерін ала алмайтын бала тұйық болады. Анасы үнемі қасында болса да, жеткілікті мейірім мен сүйіспеншілікке мұқтаж баланың жан-жағындағы адамдармен қарым-қатынасында сенімсіздік туындайды. Анасын өзіне қарату үшін бала түрлі қылықтар көрсетеді. Ақырында, жұмыстан басын көтере алмай жүрген анадан үміті үзіледі.

Екіншіден, ашушаң, баланы ұрып тәрбиелейтін ата-ананың баласы тұйық болуға бейім келеді. Тұйық балаларға, ең бірінші, отбасы және достары қолдау білдіруі керек. Сол қалпында қабылдап, көңіл бөліп, баланы жақсы көретінін сездіру арқылы жасау керек. Әрбір бала қанша жерден тұйық болғанымен, өзіне ғана тән ерекше жағымды қасиеті болады. Ата-ана мен достары оның қабілеті мен дарынын ашуға көмектесуі керек. Бірақ ата-ана тұйық баланы шамадан тыс өбектемегені де жөн. Шамадан көмектессе, мұның кері әсері де болуы мүмкін. Кішігірім қорқыныштарын, тұйықтығын өзі еңсеруі үшін мүмкіндік берген абзал. Кішкентай болса да жетістіктерін айтып, мақтап отыру баланы жігерлендіреді.

Бала бөтен ортада адамдардан ұялып, сөйлеуге қысылса, оны сөйлеуге күшпен мәжбүрлеміз. Ең бастысы, өзін еркін сезінгенуіне уақыт беріңіз. Үйде белгілі мәселелерге қатысты көзқарасын сұрап, мән беру балаға күш береді. Қоғаммен қарым-қатынасқа түсуін қатаң бақылаған абзал.



Еліміздің мәдени, рухани ордасы саналатын Алматыға жыл сайын мыңдаған туристер, қонақтар келеді. Олар ең әуелі қаланың сәніне қарайтыны белгілі. Сондықтан оңтүстік астанамызды гүлдер қаласына айналдыру басты назарда болуға тиіс.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Әсем қаланың барлық аумағын гүлмен көмкеру оңай жұмыс емес. Қаланы гүл баққа, жасыл желекке айналдыру бағытында неге гүл өсірудің ең тиімді әдістерін пайдаланбасқа?! Бізде негізінен, гүлдердің біржылдық қана түрлерін отырғызады. Егер экономикасы дамыған батыс елдерін алатын болсақ, онда қала сәнін келтіру үшін көбіне көпжылдық, бұтақты гүлдерді егеді. Мәселен, фарсити деген гүл бізге онша таныс емес. Ол қаламыздың бір-екі жеріне ғана егілген екен. Зереңгүл деп атап жүрген бөрте гүлдер де жоқтың қасы. Гүл өсірушілердің айтуынша, біржылдық гүл отырғызу үшін кемінде екі ай уақытты кетіруге тура келеді. Оның үстіне бізде қыста гүл өсіретін орындар тапшы. Олай болса, бір рет гүл ашып, ертесіне солып қалатын, үлкен шығындарды қажет ететін гүлдерді отырғызудың қаншалықты пайдасы бар? Ең дұрысы – көпжылдық гүлдерді топтастырып егіп тастап, оған уақытылы күтім жасау. Мұндай гүлдер ерте көктемнен қара күзге дейін кезекпен гүлдеп отырады. Егер осы әдісті қолдансақ, елдің қалтасындағы қаржыны алмай-ақ, даламызды да, қаламызды да бақ мекенге айналдыруға болар еді.

Гүл бизнесі – табысты саланың бірі. Бірақ тұрақты табыстың тәуекелі де көп. Елімізде саудаланатын гүлдердің тек 25 пайызы ғана жергілікті кәсіпкерлерге тиесілі. Мол қаржы әкелетін бұл салаға тәуекел деп баратын саудагерлер саны саусақпен санарлықтай ғана. Ал голландиялық атаумен алып жүрген раушан, қызғалдақтардың көбі шындығында, Кения, Колумбия, Эквадор сынды елдерден келеді. Импортқа ғана икемделген еліміздің кәсіпкерлері гүл өсіруді көбейтуге қауқарсыздық танытып отыр.

Былай қарап тұрсақ, гүлге деген сұраныс қоғамда ешқашан азаймайды. Біреуге ізет көрсетсек, құрметтесек, ізгі ниетімізді білдіру үшін гүл береміз. Әсіресе, қызға сезімді жеткізудің бір тәсілі гүл сыйлау екені белгілі. Тіпті, ресми кездесулердің өзінде қонақтарды гүлмен қарсы алып жатамыз. Сондықтан гүлсіз өмірді елестету мүмкін емес. Айналасың ажарын ашатын, әріне, гүлдер. Бірақ елімізде осы гүл шаруашылығына көптеп көңіл бөлінбейтіні өкінішті. Мәселен, Қытайда 25 мыңнан астам гүл өсірумен айналысатын шаруашылықтар бар екен. Бұл бизнес түрінің көрігін қыздырып жүрген кәсіпкерлердің саны 1,5 миллионнан да асып жығылатын көрінеді. Ал одан түскен пайданың қазына қаржысын қомақтыландырып жатқаны сөзсіз. Бізге әзірге тау басып, теңіз асып келген гүлдерді көз қуаныш етуге тура келетін түрі бар. Өйткені, бұл саланың тамырына су жүгіртіп, бойына жан бітіру үшін әлі де талай жыл қажет сияқты.

25 пайызы ғана өзімізде өсіріледі

Негізі, әйелдер мерекесі алдында кәсіпкерлер Голландияға, тіпті, желтоқсан болмай тұрып тапсырыс беріп, ақысын төлеп қояды. Қазақ жеріне Эквадор, Нидерланд, Колумбия, Бельгиядан өзге, соңғы кездері іргедегі Қытайдан да гүл қаптайтын болған. Бірақ бұл мемлекеттерден келетін импорттық тауарлар Голландия аукционы арқылы айналымға түседі. Сатушы раушан мен қызғалдақтарды голландиялық дейді, оған алушы да сенеді.

«Голландиядан келеді дейді. Бірақ оны өсіретін жерлер –

Арман қала, гүл қала



Эквадор, Колумбия. Голландияда порт көп. Сол порттың арқасында бізге алып келеді. Екіншіден, импортпен айналыспай, біреуге пайда түсіре бермей, отандық дикандарға көмек көрсетейік», – дейді гүл саласымен айналысатын кәсіпкер Бақыт Жақыпов.

Қазақстанда сатылатын гүлдердің тек 25 пайызы ғана өз жерімізде өсіріледі екен. Қалғанын импорт гүлдер құрайды.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бақыт ЖАҚЫПОВ,
кәсіпкер:

Отандық гүл өсірушілерге қолдау керек

Еліміздің гүл нарығындағы үлесінің аз болуына көптеген себептер әсер етіп отыр. Мысалы, гүл саудалау бизнесінде тәуекел ететін мәселелер көп. Көп нәрсе тасымалдаумен немесе сатып алушылардың әлеуетіне байланысты. Нарықтағы жаңа ойыншылар үшін үлкен тұрақты клиенттердің болмауы және нарықта жұмыс істеудің алғашқы айларында сатып алынатын, өтпей қалған тауарлар басты проблема. Өтпей қалған гүлді сақтауға мүмкіндік аз. 8 наурыз күні әр данасы 2-3 мың теңгеден сатылған гүлдің бағасы 9-10 наурыз күндері 500 теңгеге түсуі әбден мүмкін. Демек, алғашқы екі күнде пайдаға жұмыс істеген кәсіпкер үшінші күні шығынды жаба алса, соған да риза болады. Мұны түсінікті тілмен айтқанда екі қадам алға, бір қадам кейін шегіну дегуге болады. Сондықтан елімізде сатылып жатқан гүлдерден түскен пайда өзгенің қамбасына құйылып жатыр. Бірақ бізде гүлге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Бұл дегеніміз – осы салада кеңістік жартылай бос тұр деген сөз. Бос кеңістікте пайда мол түсетіні де белгілі. Алайда, отандық кәсіпкерлерге тәуекел жетіспейді.

Елімізде төрт-бес гүл өсіретін ірі жылыжайлар бар. Оның екеуі – Алматы облысында, ал қалғандары – Жамбыл мен Түркістан облыстарына тиесілі. Гүл өсіретін жылыжай болғанда да оның аражігін ажыратып алған дұрыс секілді. Ірі жылыжайлардың бір-екеуі көшет өндіретін, енді бірі сатылатын гүлдер өсіреді. Астана, Алматы сынды ірі қалалардың ажарын ашып, жайнатып тұрған гүлдердің көшеттерінің дені Жамбыл мен Түркістаннан жеткізіледі.

1000-нан астам гүл салоны бар

Дегенмен, бізде өнім көлемін көбейте отырып, одан түскен табысты жаңа технологияларға жұмсап, тауардың өзіндік құнын азайтуға болады.

Негізінде, жылыжай бизнесі Қазақстанның оңтүстік өңірінде жақсы дамыған. Оның үстіне, осы салада табыс тауып жүрген бизнес өкілдері солтүстік өңірлерде жылыжай салып, коммуналдық төлемдерге шығындалғаннан гөрі ол жақтарға оңтүстіктен тасымалдаған тиімді деп есептейді.

Бүгінде елімізде мерекелік шаралар, атаулы датаға байланысты түрлі банкеттер, тойлар жиі өтуде. Сондықтан гүлді алатын клиенттер әрдайым табылады.

Гүл өсіру сырттай қарағанға қарапайым кәсіп болып көрінгенімен, біраз тәуекелге баратын бизнес. Қазақстанда одан нақты қанша табыс түсетіндігі жайлы ресми дерек жоқ. Елімізге жыл сайын шамамен 155 млн. доллар шамасында гүл импортталады екен. Қазақстанда саудаланатын гүлдің негізгі тұтынушылары Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының тұрғындары саналады. Жалпы сатылымның 70–80 пайызы осы екі қалаға тиесілі. Мәселен, бір Алматының өзінде мыңнан астам гүл салоны бар. Бұл есепке базарлар мен жеке сауда орындары кірмейді. Яғни Жамбыл мен Түркістанның бағбандары үшін өнімін өткізетін жер әрдайым табылады деген сөз.

Балалар гүлдің қасиетін білуге тиіс

Алып шаһардың айналасын гүлмен көмкеру үшін ең бірінші, оны қорғауға ерекше ден қою керек. Бізде әлемнің басқа елдерінде сирек кездесетін, Қазақстанның табиғатына тән гүлдер бар. Мәселен, Жоңғар Алатауында жаз мезгілінде шұғанақ деген гүл жайнап жатады. Оны әсіресе, соңғы қоңырау кезінде оқушылар жұлғанға құмар. Қазір олар жұлына бергеннің салдарынан тек таудың биік шыңдарында ғана өсетін болды. Егер бұл жалғаса берсе, аз жылдың ішінде бұл гүлді көрудің өзіне зар болатынымыз шындық. Сондықтан бұған жол бермес үшін оқушыларға гүлдің қасиеті, артықшылығы туралы арнайы сабақтар өткізу қажет. Егер баланың санасына кішкентай күнінен гүл туралы жақсы ұғымды сіңіре берсе, ол кейін саналы түрде гүлдерді қорғайтын болады. Бір өкінерлік, бізде балаларға оны үйрететін мұғалімдер тапшы. Тіпті, оқушыларға гүлдер жайлы мағлұмат беретін арнаулы оқулықтар, шағын кітапшалар жоқ. Ол да біз үшін құстың сүтіндей қат дүниеге айналып отыр. Дүкен сөрелері тек орыс тілінде жазылған кітаптарға толып тұр. Ал қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы.

Алматы – жасыл желекке бай өлке. Қазір қаланың тек орталығы ғана емес, барлық жері гүлге орана бастады. Қаланың саябақтары жасыл желекпен көмкеріліп, қызыл-жасылды алуан өсімдік шаһардың ажарын аша түсетіні сөзсіз. Жайнап тұрған гүлдер адам жанын жадыратып, жүрекке жылылық сыйлайды.

Бала бойындағы талантты дер кезінде танып, қолдау білдіру аса маңызды. Болар баланың ертеңін оның бүгінгі тірлігінен де аңғаруға болады. Қаламыздың кішкентай тұрғындарының бас қосатын, ең сүйікті орны – Оқушылар сарайының жұмысы жазғы демалыс кезінде қыза түседі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Осы мекемеге қарасты 12 секцияда балаларға бағыт беретін бірнеше бірлестік бар. Халықтық қолданбалы өнер бөліміндегі «Шебер колдар» деп аталатын бірлестіктің міндеті – балаларға ою-өрнек салу, сәндік сурет салу, квиллинг (қағаз тоқу өнері), ленталармен кестелеу, құрақ өрнектерінің мозаикасы, декупаж, әрлеу жабыны сияқты түрлі өнердің беймәлім қыры мен сырын үйретеді. Жалпы, жасөспірімдердің дені сурет салуға, қағазбен жұмыс жасауға икемді болып келеді. Әсіресе, қыз балалардың көбі дизайн болғысы келетіндіктен, бұл өнердің қыры мен сырын білуге ықыласты болып келеді. Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызының айтуынша, бірлестікте жүргізілетін сабақтардың барлығы жеке тұлғаның жан-жақты дамуының маңызды құралы болып табылады.

– Оқушылар сарайындағы бірлестіктер жүргізетін сабақтардың барлығы өзектілігімен ерекшеленеді. Өйткені, мектепте оқушылар білім алумен шектелсе, бірлестіктегі сабақтар бастауыш сынып оқушыларының тұлға болып қалыптасуларына



ықпал етеді. Олардың ойлау қабілеттерін жетілдіріп, эстетикалық білімдерін молайтады. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық белсенділіктерінің артып, өмірге деген көзқарастарының жақсы жағынан дамуына ықпал етеді. Жалпы, адам баласының еңбек арқылы дамып, жетілетіні белгілі. Осы тұрғыда жас ұрпақты еңбекке баулу үшін де аталмыш бірлестіктердің көтеріп отырған жөгі мен атқарып отырған ісінің маңызы зор. Балалардың бойында еңбекқорлық, табандылық сияқты қасиеттер қалыптасады. Сондықтан әрбір үйірме еліміздің болашақ-

тарын тәрбиелеп, оларға оң бағыт пен бағдар беріп отыр, – дейді Оқушылар сарайының басшысы.

Оқушылар сарайындағы әрбір үйірмеге қатысып жүрген оқушы өзін кішкентай маман сезінеді. Өйткені, қазірдің өзінде олар өздерінің болашақта таңдайтын мамандықтарының алғашқы әліппесін игеріп, кәдімгідей меңгеріп үлгерді.

Бірлестіктердегі сабақ барысында балалар кескіндеме, графика, композиция дағдыларын игереді. Сондай-ақ, қоршаған әлемнің тылсым құпиясы мен болып жатқан құбылыстарды талдауды үйренеді. Қиял әлемі

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Тау етегіндегі таланттар мекені

арқылы кеңістікті бағындыра алатындықтарын сезініп, дара қасиеттерін де дамыта түседі. Үйірмелерде білім алып, еңбек етуге, үй шаруашылығы үшін қажетті бұйымдарды да қолдан жасауға болатынын үйренеді.

– Өнер саласына қатысты сабақтар барысында балалар ұсақ моториканы дамытады. Бұл, ең алдымен, ойлау, сөйлеу, визуалды және моторикалық есте сақтау, үйлестіруге жасап беретін ми аймақтарын ынталандыру үшін өте пайдалы. Мәселен, сурет салу кезінде мидың екі жарты шарлары да қатысады, интерполяры байланыстар белсенді түрде пайда болады. Осы кезде бала кеңістіктік интеллект пен қиялды дамытады. Сонымен қатар, жұмыс барысында бала нақты нәтижеге қол жеткізеді. Ол оның қолынан шыққан сурет. Бұл оны мақсат қоюға үйретеді, яғни алға қойған жоспарын орындай білуге үйретеді, – дейді Айгүл Болатбекқызы.

Балалар сурет салған кезде өзін-өзі көрсетеді, өзінің психологиялық жағдайынша, сурет салу адамды тыныштандыратын әрекет болып саналады. Әсіресе, қынырлыққа, депрессияға және неврозға бейім балаларға сурет салу пайдалы екендігі дәлелденген.

Шындығында, кескіндеменің жүйелі сабақтары баланы бос уақытын тиімді пайдалануға, табандылыққа, тәртіпке үйретеді. Кескіндеме арқылы балалар қоршаған әлемді шығармашылық тұрғысында түсінуге үйренсе, әр адамның шындықты өзінше қабылдап, құбылыстарды өз көзімен көретінін де түсінеді. Шығармашылыққа бейімділік барлық балаға тән. Тек талабын құптап, дұрыс бағыт бере білейік.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Еліміз егемендіктің келесі белесіне тың өзгерістермен қадам басқалы отыр. Алдағы он жылда елдің жаңа келбетін және ұлттың жаңа болмысын қалыптастырамыз. Тиімді заңдар қабылдау арқылы маңызды реформалардың негізі қаланады. Экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыруды табысты жүзеге асыра алсақ – елге жасаған ең үлкен сыйымыз осы болмақ.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

1998 жылы мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінде еліміз «Қазақстан–2030» даму Стратегиясының аясында мемлекеттік құрылыстың өтпелі кезеңіне аяқ басты. Бұл кезең сыртқы саясатта халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылудың ұтқыр тәжірибелерімен, ішкі саясатта демократиялық жаңғырулармен, конституциялық реформалармен, экономикадағы нарықтық үрдістермен ерекшеленді.

Жаңа Астананың қалыптасу тарихында да XX ғасырдың соңғы жылдары ерекше орын алады. Өйткені, астананың Алматыдан елдің орталығына – Ақмолаға көшірілуі орталық, аймақтық басқару жүйесіне де, іскерлік, экономикалық белсенділігіне де бірқатар тың өзгерістер әкелгені рас.



